Түтіннің қауіптілігі оның жоғары температурасымен, улылығымен, оттегінің төмен мөлшерде болуымен, тұнықсыздығымен, жабық бөлмелерде термототығулық ыдырау өнімдерін және жарылыс қауіпті қоспалардың ауамен толықсыз жану өнімдерін түзетін мүмкіндігімен байланысты.

Түтіннің қауіптілігін төмендету үшін судың таралған ағынын қолданады (температураны төмендету және түтінді тұндыру) және түтінді сору мен түтін шығару кеңістіктер арқылы түтінді жояды.

Материалдық теңгерімнің теориялық көрсеткішін анықтау үшін жаңғыш заттың жану реакция теңдеуін құрастырады (1.3). Оның негізінде жаңғыш заттың толық жануына қажетті ауа көлемін және жану өнімдерінің көлемін есептейді.

Жаңғыш заттың жануына жұмсалатын ауаның және жану өнімдерінің *салыстырмалы және толық, теориялық және нақты* мөлшерін айырады.

Салыстырмалы ауа көлемі жаңғыш заттың мөлшер бірлігінің (1 моль, 1 м³, 1 кг) жануына қажет.

Толық ауа көлемі берілген жаңғыш заттың жануына қажет.

Теориялық ауа көлемі – жаңғыш заттың толық жануына қажетті ауаның минималды көлемі.

Нақты ауа көлемі – бұл берілген жағдайда жаңғыш заттың жануына жіберілетін ауа мөлшері.

Реакция теңдеуі бойынша *ауаның салыстырмалы теориялық моль санын* анықтайды. Осындай мольдық ауа мөлшері 1 моль жаңғыш заттың толық жануына қажетті; оны реакция теңдеуі бойынша анықтайды:

$$n_{\text{B}}^0 = (1 + 3,76)\beta = 4,76\beta, \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1} \quad (1.12)$$

мұнда β – стехиометриялық коэффициент; 1 моль жаңғыш заттың толық жануына қажетті оттегі моль санын көрсетеді.

Жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық моль саны жану реакция теңдеуінде барлық жану өнімдерінің моль қосындысына тең болады (1.3):

$$n_{\text{пр}}^0 = \sum_i n_{\text{пр}i}, \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}. \quad (1.13)$$

Шынында, жану аумағына түсетін ауаның моль саны теориялық мөлшерімен сәйкес келмейді. 1 моль жаңғыш заттың жануына нақты түсетін ауа мөлшері *салыстырмалы нақты ауаның моль саны* деп аталады және n_B белгіленеді.

Жану үрдісінің ауамен қамтамасыз ету дәрежесін сипаттау үшін *артық ауаның коэффициенті* (α) түсінігін қолданады. Бұл коэффициент жану аумағына түсетін ауа мөлшерінің жаңғыш заттың толық жануына қажетті теориялық мөлшерінен нақты айырмашылығын көрсетеді:

$$\alpha = \frac{n_B}{n_B^0}, \quad (1.14)$$

мұнда n_B^0 – 1 моль жаңғыш заттың толық жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауаның моль саны;

n_B – 1 моль жаңғыш заттың жану кезінде жану аумағына нақты түсетін ауаның салыстырмалы нақты моль саны.

Осыған орай, салыстырмалы нақты ауаның моль саны келесідей анықталады:

$$n_B = n_B^0 \cdot \alpha, \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}. \quad (1.15)$$

Жануға нақты жұмсалатын ауа мөлшері және теориялық қажетті мөлшері арасындағы айырмашылық *артық ауа* деп аталады:

$$\Delta n_{\mathbf{B}} = n_{\mathbf{B}} - n_{\mathbf{B}}^0 = n_{\mathbf{B}}^0(\alpha - 1), \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}. \quad (1.16)$$

Бұл жану кезінде шығындалмайтын және жану өнімдеріне ауысатын ауа мөлшері. Нақты салыстырмалы жану өнімдерінің моль саны теориялықтан артық ауа мөлшеріне сәйкес көп болады:

$$\begin{aligned} n_{\text{пг}} &= n_{\text{пг}}^0 + \Delta n_{\mathbf{B}}, \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}; \\ \text{немесе} \quad n_{\text{пг}} &= n_{\text{пг}}^0 + n_{\mathbf{B}}^0(\alpha - 1), \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}. \end{aligned} \quad (1.17)$$

Артық ауаның болуы жану өнімдерінде реакцияға қатыспаған оттегі мен азоттың болуына әсер етеді. Бұл заттар жану өнімдерінің құрамына ауысады. Әрбір компоненттің жану өнімдеріндегі мөлшерін келесі формулалар бойынша анықтауға болады:

$$\varphi_{\text{пг}i} = 100 \frac{n_{\text{пг}i}}{n_{\text{пг}}}, \%; \quad (1.18)$$

$$\varphi_{O_2} = 100 \frac{(\alpha - 1)\beta}{n_{\text{пр}}}, \%; \quad (1.19)$$

$$\varphi_{N_2} = 100 \frac{\alpha \cdot 3,76\beta}{n_{\text{пр}}}, \%. \quad (1.20)$$

Жану үрдісінің материалдық теңгерімін есептеу жану реакция негізінде жүргізіледі және 1 моль жаңғыш заттың жануына қажетті ауа моль санын және жану өнімдерінің моль санын анықтауға байланысты.

Тәжірибе жүзінде жаңғыш зат газ болса, заттың мөлшерін моль санымен емес, м^3 арқылы өлшейді. Егер жаңғыш зат конденсацияланған болса (сұйықтық немесе қатты зат), онда кг өлшейді. Сондықтан, жану үрдісінің материалдық теңгерімін есептеу кезінде жаңғыш заттың агрегаттық күйін есепке алу қажет. Берілген температура T мен қысымда P 1 кмоль газ (1.10) формула бойынша есептелетін көлемді V_{μ} , м^3 алатынын ұмытпау керек.

Егер $V_{\mu}^{\text{ГВ}}$, м^3 , көлем алатын 1 кмоль жаңғыш зат жанса, онда оның жануына ауаның $n_{\text{в}}^0 V_{\mu}^{\text{В}}$, м^3 теориялық көлемі шығындалады. Сонда 1м^3 жаңғыш заттың толық жануына ауаның салыстырмалы теориялық көлемін келесі пропорция арқылы анықтауға болады:

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

$$V_{\mu}^{ГВ} \text{ м}^3 \text{ ГР} \rightarrow n_{\mathbf{B}}^0 V_{\mu}^{\mathbf{B}} = 4,76\beta V_{\mu}^{\mathbf{B}} \text{ м}^3 \text{ воздуха,}$$

$$1 \text{ м}^3 \text{ ГР} \rightarrow v_{\mathbf{B}}^0 \text{ м}^3 \text{ воздуха.}$$

$$v_{\mathbf{B}}^0 = \frac{4,76 \cdot \beta \cdot V_{\mu}^{\mathbf{B}}}{V_{\mu}^{ГВ}}, \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}. \quad (1.21)$$

Егер жаңғыш зат ауаның жағдайларда болса, онда $V_{\mu}^{ГВ} = V_{\mu}^{\mathbf{B}}$. Онда 1 м^3 газ немесе будың жану шартында салыстырмалы теориялық және нақты көлемдерді есептеу кезінде олар сәйкес моль сандарына тең келеді:

$$v_{\mathbf{B}}^0 = 4,76\beta, \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}; \quad (1.22)$$

$$v_{\mathbf{B}} = \alpha v_{\mathbf{B}}^0, \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}. \quad (1.23)$$

Егер жаңғыш зат пен жану өнімдері бірдей жағдайларда болса, олардың салыстырмалы көлемдерін де есептейді:

$$v_{\PiГ}^0 = \sum_i n_{\PiГ i}^0, \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}; \quad (1.24)$$

$$v_{\PiГ} = v_{\PiГ}^0 + (\alpha - 1)v_{\mathbf{B}}^0, \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}. \quad (1.25)$$

Толық ауа көлемі мен жану өнімдердің көлемдерін жанып кеткен газдың көлеміне $V_{гг}$ олардың салыстырмалы көлемдерінің көбейтіндісі арқылы анықтайды:

$$V_{\mathbf{B}} = v_{\mathbf{B}} V_{гг}, \text{ м}^3; \quad (1.26)$$

$$V_{гг} = v_{гг} V_{\mathbf{B}}, \text{ м}^3. \quad (1.27)$$

Сұйық немесе қатты агрегаттық күйінде болатын заттардың гомогенді жану шартында, бұл заттардың алдын ала газды фазасына айналуы жүреді.

Салмағы μ кг болатын 1 киломоль конденсацияланған жаңғыш заттың жану кезінде $n_{\mathbf{B}}^0 V_{\mu}^{\mathbf{B}}, \text{ м}^3$ тең болатын теориялық ауа көлемі шығындалады. Онда 1 кг жаңғыш заттың жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін келесі пропорция арқылы анықтайды:

$$\mu \text{ кг ГВ} \rightarrow n_{\mathbf{B}}^0 \cdot V_{\mu}^{\mathbf{B}} = 4,76\beta V_{\mu}^{\mathbf{B}} \text{ м}^3 \text{ воздуха,}$$

$$1 \text{ кг ГВ} \rightarrow v_{\mathbf{B}}^0 \text{ м}^3 \text{ воздуха,}$$

$$v_{\mathbf{B}}^0 = n_{\mathbf{B}}^0 \frac{V_{\mu}^{\mathbf{B}}}{\mu_{ГВ}}, \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}. \quad (1.28)$$

Жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық көлемін де есептеуге болады:

$$\mathbf{v}_{\Pi\Gamma}^0 = \frac{V_{\mu}^{\Pi\Gamma}}{\mu_{\Gamma\mathbf{B}}} \sum_i \mathbf{n}_{\Pi\Gamma}, \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}, \quad (1.29)$$

(1.23) және (1.25) формулаларына сәйкес жану өнімдердің және ауаның нақты көлемдерін анықтауға болады:

$$\mathbf{v}_{\mathbf{B}} = \alpha \cdot \mathbf{v}_{\mathbf{B}}^0, \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1},$$
$$\mathbf{v}_{\Pi\Gamma} = \mathbf{v}_{\Pi\Gamma}^0 + (\alpha - 1)\mathbf{v}_{\mathbf{B}}^0, \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

Жану өнімдері мен ауаның толық көлемдерін анықтау үшін жанып кеткен заттың массасын салыстырмалы көлемдерді көбейту керек:

$$V_{\mathbf{B}} = v_{\mathbf{B}} m_{\Gamma\mathbf{B}}, \text{ м}^3, \quad (1.30)$$

$$V_{\Pi\Gamma} = v_{\Pi\Gamma} m_{\Gamma\mathbf{B}}, \text{ м}^3, \quad (1.31)$$

мұнда $m_{\Gamma\mathbf{B}}$ – жанып кеткен заттың массасы, кг.

Материалдық теңгерімді есептеудің тәжірибелік маңызы

Материалдық теңгерімді есептеу әртүрлі жағдайларда жүретін өрт дамуын сипаттайтын жануға қажетті ауа шығынын, жану өнімдерінің құрамы мен көлемін, жану температурасын, жарылыс температурасын, жарылыстың максималды қысымын, өрт температурасын, газ алмасу қарқындылығын және т.б. параметрлерді анықтауға мүмкіндік береді.

§ 3.1 Жеке заттың жану үрдісінің материалдық теңгерімін есептеу

Жеке заттың жану үрдісінің материалдық теңгерімін есептеу әдістемесі

1. Жану реакция теңдеуін құрастыру (1.3), стехиометриялық коэффициент β анықтау (1.4).

2. (1.12) формула бойынша ауаның салыстырмалы теориялық моль санын есептеу.

3. (1.13) формула бойынша жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық моль санын есептеу.

4. Жану ауаның артықшылығымен жүрген кезде ауа мен жану өнімдерінің нақты салыстырмалы моль сандарын (1.15), (1.17) формулалары бойынша есептеу.

5. Жану өнімдерінің құрамын пайыз мөлшерімен (1.15)–(1.17) формулалары бойынша есептеу.

6. Жаңғыш заттың агрегаттық күйіне байланысты ауа мен жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық көлемдерін есептеу.

6.1. Егер жаңғыш зат газ болса, онда есептеуді (1.22) және (1.24) формулалары бойынша жүргізу.

6.2. Егер жаңғыш зат қатты немесе сұйық күйде болса, онда есептеуді (1.28) және (1.29) формулалары бойынша жүргізу.

7. Ауа мен жану өнімдерінің нақты көлемдерін (1.23) және (1.25) формулалары бойынша есептеу.

8. Ауа мен жану өнімдерінің толық көлемдерін (1.26) және (1.27) немесе (1.30) және (1.31) формулалары бойынша есептеу.


9. Жану температурасында жану өнімдерінің көлемін $V_{\text{II}}^{\text{T}_{\text{гор}}}$ (1.11) формула бойынша есептеу.

Есеп шығару мысалы

Жану үрдісі қалыпты жағдайларда ауаның артық коэффициенті $\alpha = 1,2$ және жану өнімдерінің температурасы - 2200 К болатын шартында 10 м^3 метанның CH_4 жану кезіндегі ауа көлемін, жану өнімдерінің көлемі мен құрамын есептеу.

Шығару

1. Жану реакция теңдеуін құрастырамыз:



$$\beta = 2.$$

2. Ауаның салыстырмалы теориялық моль санын анықтаймыз:

$$n_{\text{B}}^0 = 4,76\beta = 4,76 \cdot 2 = 9,52 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

3. Жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық моль сандарын есептейміз:

$$\begin{aligned}n_{\text{пр}}^0 &= n_{\text{CO}_2} + n_{\text{H}_2\text{O}} + \beta \cdot 3,76_{\text{N}_2} = \\ &= 1 + 2 + 2 \cdot 3,76 = 10,52 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}.\end{aligned}$$

4. Ауаның артық мөлшерін ескеріп, ауа мен жану өнімдерінің нақты көлемдерін анықтаймыз:

$$n_{\text{в}} = 1,2 \cdot 9,52 = 11,42 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$n_{\text{пр}} = 10,52 + (1,2 - 1) \cdot 9,52 = 12,42 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

5. Жану өнімдерінің құрамын пайыздық мөлшерін анықтаймыз:

$$\varphi_{\text{CO}_2} = 100 \frac{1}{12,42} = 8,05\%;$$

$$\varphi_{\text{H}_2\text{O}} = 100 \frac{2}{12,42} = 16,1\%;$$

$$\varphi_{\text{O}_2} = \frac{(1,2 - 1) \cdot 2 \cdot 100}{12,42} = 3,21\%;$$

$$\varphi_{\text{N}_2} = \frac{1,2 \cdot 2 \cdot 3,76 \cdot 100}{12,42} = 72,64\%.$$

6. Жаңғыш зат газ болғандықтан, ауа мен жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық көлемдерін (1.22) және (1.24) формулалары бойынша есептейміз:

$$v_B^0 = 9,52 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3};$$
$$v_{\text{нr}}^0 = 10,52 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

7. Ауаның артық мөлшері коэффициентін ескере отырып, ауа мен жану өнімдерінің салыстырмалы нақты көлемдерін (1.23) және (1.25) формулалары бойынша есептейміз:

$$v_B = 11,42 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3};$$
$$v_{\text{нr}} = 12,42 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

8. Ауа мен жану өнімдерінің толық көлемдерін анықтаймыз:

$$V_B = v_B V_{\text{ГT}} = 11,42 \cdot 10 = 114,2 \text{ м}^3;$$
$$V_{\text{нr}} = v_{\text{нr}} V_{\text{ГT}} = 12,42 \cdot 10 = 124,2 \text{ м}^3.$$

9. Жану температурасында жану өнімдерінің көлемін анықтаймыз:

$$V_{\text{иг}}^{\text{T}_{\text{гор}}} = \frac{124,2 \cdot 2200 \cdot 101,3}{273 \cdot 101,3} = 1000,9 \text{ м}^3.$$


Қорытынды: 10 м³ метанның жануына қалыпты жағдайда 114,2 м³ ауа көлемі қажет, 2200 К температурада жану өнімдерінің көлемі 1000,9 м³ құрайды. Жану өнімдерінің құрамы: CO₂ – 8,05 %; H₂O – 16,1 %; O₂ - 3,2 %; N₂ – 72,64 %.

Есеп шығару мысалы

2кг нафталиннің C₁₄H₁₀ жану кезінде ауаның, жану өнімдерінің көлемін және CO₂ пайыздық мөлшерін анықтаңыз. Егер жану қоршаған орта температурасы 10 °С, ауаның қысымы 100,0 кПа; артық ауа коэффициенті α = 1,8, жану өнімдердің температурасы 900 °С құрайтын болса.

Шығару

1. Жану реакцияның теңдеуін жазамыз:



$$\beta = 16,5.$$

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

2. (1.12) формула бойынша ауаның салыстырмалы теориялық моль санын анықтаймыз:

$$n_{\text{в}}^0 = 4,76 \cdot 16,5 = 78,54 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

3. (1.13) формула бойынша жану өнімдердің салыстырмалы теориялық моль санын анықтаймыз:

$$\begin{aligned} n_{\text{пт}}^0 &= n\text{CO}_2 + n\text{H}_2\text{O} + \beta \cdot 3,76\text{N}_2 = \\ &= 14 + 5 + 16,5 \cdot 3,76 = 81,0 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}. \end{aligned}$$

4. (1.15), (1.17) формулалар бойынша ауа мен жану өнімдердің нақты көлемдерін есептейміз:

$$\begin{aligned} n_{\text{в}} &= \alpha \cdot n_{\text{в}}^0 = 1,8 \cdot 78,54 = 141,4 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}; \\ n_{\text{пт}} &= 81,04 + (1,8 - 1) \cdot 78,54 = 143,9 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}. \end{aligned}$$

5. Жану өнімдер құрамында CO_2 пайыздық мөлшерін анықтаймыз:

$$\varphi_{\text{CO}_2} = 100 \frac{14}{143,9} = 9,7 \%$$

6. Жаңғыш зат қатты күйінде болғандықтан, ауа мен жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемдерін (1.28) және (1.29) формулалар есептейміз. Алдын ала берілген жағдайларда нафталиннің молярлық массасы мен молярлық көлемін анықтаймыз (формула (1.10):

$$\mu_{\text{ГВ}} = 14 \cdot 12 + 10 \cdot 1 = 178 \text{ кг} \cdot \text{кмоль}^{-1},$$

$$V_{\mu} = \frac{101,3 \cdot 22,4 \cdot (273 + 10)}{100,0 \cdot 273} = 23,53 \text{ м}^3 \cdot \text{кмоль}^{-1}.$$

$$v_{\text{В}}^0 = \frac{4,76 \cdot 16,5 \cdot 23,53}{178} = 10,4 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1};$$

$$v_{\text{ПГ}}^0 = \frac{(14 + 5 + 16,5 \cdot 3,76) \cdot 23,53}{178} = 10,7 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

7. (1.23) және (1.25) формулаларына сәйкес артық ауа коэффициентін ескеріп, ауа мен жану өнімдердің салыстырмалы нақты көлемдерін анықтаймыз:

$$v_{\mathbf{B}} = 1,8 \cdot 10,4 = 18,7 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1};$$

$$v_{\text{пг}} = 10,7 + (1,8 - 1) \cdot 10,4 = 19,0 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

8. Берілген жағдайларда ауа $V_{\mathbf{B}}$ мен жану өнімдердің $V_{\text{пг}}$ толық көлемдерін есептейміз:

$$V_{\mathbf{B}} = 18,7 \cdot 2 = 37,4 \text{ м}^3;$$

$$V_{\text{пг}} = 19,0 \cdot 2 = 38,0 \text{ м}^3.$$

9. Жану температурасында жану өнімдердің көлемін анықтаймыз:

$$V_{\text{пг}}^{\text{T}_{\text{гор}}} = \frac{38,0 \cdot (273 + 900)}{(273 + 10)} = 157,6 \text{ м}^3.$$

Қорытынды: берілген жағдайларда 2кг нафталиннің жануына $37,4 \text{ м}^3$ ауа қажет және жану өнімдердің көлемі $157,6 \text{ м}^3$ құрайды, ал оның құрамындағы CO_2 мөлшері 9,7 % алады.

§ 3.2 Күрделі заттар мен материалдардың жану үрдісінің материалдық теңгерімін есептеу

§ 3.2.1. Газ қоспасының жануы

Газ қоспасының жану үрдісінің материалдық теңгерімін есептеу кезінде алдымен қоспаның құрамындағы жеке жаңғыш компоненті үшін ауа мен жану өнімдердің көлемін анықтайды. Кейін компоненттердің пайыздық мөлшеріне сәйкес газ қоспасына ауа мен жану өнімдердің көлемдерін есептейді.

Құрамы белгілі газ қоспасының толық жануына қажетті ауаның салыстырмалы теориялық көлемін келесі формула бойынша анықтайды:

$$v_{\mathbf{B}}^{\mathbf{0}} = \frac{\sum \beta_i \varphi_i - \varphi_{\mathbf{O}_2}}{21}, \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}, \quad (1.32)$$

мұнда: φ_i – қоспаның құрамындағы i жаңғыш компонентінің пайыздық мөлшері, %;

β_i – i жаңғыш компонентінің жану реакциясындағы стехиометриялық коэффициенті;

φ_{O_2} – бастапқы қоспа құрамында оттегінің мөлшері, %.

Газ қоспаның жану кезінде түзілетін жану өнімдердің құрамы мен көлемін анықтау үшін қоспа құрамындағы жеке жаңғыш компонентінің жану реакциясы бойынша жану өнімдердің құрамы мен көлемін анықтау керек. Сонда жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемін газ қоспаның жану өнімдердің салыстырмалы көлемдерінің қосындысы түрінде келесі формула бойынша анықтайды:

$$v_{\text{пг}}^0 = \sum_{i=1}^n v_{\text{пг}i}^0 \cdot r_i, \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}, \quad (1.33)$$

мұнда $r_i = \frac{\varphi_i}{100}$ – қоспа құрамында i жаңғыш

компоненттің көлемдік бөлігі;

$v_{\text{пг}i}^0$ – қоспа құрамындағы жеке жаңғыш компонентінің жану кезінде түзілетін i жану өнімінің салыстырмалы теориялық көлемі.

Жаңғыш газдардың күрделі қоспасының материалдық теңгерімін есептеулерді жеңілдету үшін 1.5 кестеде жеке

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі
 жаңғыш газдарға есептелген жану өнімдердің салыстырмалы
 көлемдері көрсетілген. Бұл мәндер жану реакциясында
 олардың стехиометриялық коэффициенттеріне сәйкес келеді.

1.5 кесте – Кейбір газдардың жану өнімдерінің
 салыстырмалы көлемдері

Газ		Жану өнімнің көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{м}^{-3}$			
атауы	формуласы	CO_2	H_2O	N_2	SO_2
сутегі	H_2	–	1,0	1,88	–
көміртегі (II) оксиді	CO	1,0	–	1,88	–
күкірт сутегі	H_2S	–	1,0	5,64	1,0
метан	CH_4	1,0	2,0	7,52	–
ацетилен	C_2H_2	2,0	1,0	9,40	–
этан	C_2H_6	2,0	3,0	13,16	–
этилен	C_2H_4	2,0	2,0	11,28	–
пропан	C_3H_8	3,0	4,0	18,80	–
бутан	C_4H_{10}	4,0	5,0	24,40	–
пентан	C_5H_{12}	5,0	6,0	30,08	–

***Газ қоспаның толық жану шартында ауа мен жану
 өнімдердің көлемін анықтау әдістемесі***

1. Газ қоспаның құрамына кіретін жеке жаңғыш
 компоненттің әрқайсына жеке жану реакциясын құрастыру
 және стехиометриялық коэффициентті анықтау.

2. (1.32) формула бойынша газ қоспаның толық жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін есептеу.

3. (1.23) формула бойынша артық ауа коэффициентін ескертіп, салыстырмалы нақты ауа көлемін есептеу.

4. (1.26) формула бойынша газ қоспаның берілген көлемі жану шартында жұмсалатын толық нақты ауа көлемін анықтау.

5. Кейінгі есептеулерді жеңілдету үшін бастапқы газды қоспа компоненттерінің көлемдік бөліктерін негізге алып, жану өнімдердің салыстырмалы көлемдерін анықтау үшін кесте құрастыру.

6. (1.33) формула бойынша газды қоспаның жану шартында жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемін анықтау.

7. (1.25, 1.27) формулалар бойынша артық ауа коэффициентін ескертіп, жану өнімдердің салыстырмалы және толық нақты көлемдерін анықтау.


8. (1.11) формула бойынша берілген жағдайларда жану өнімдердің көлемін есептеу.

Есеп шығару мысалы


Құрамы берілген 10 м^3 газ қоспаның жану кезінде түзілетін жану өнімдердің және ауаның көлемдерін анықтаңыз: метан CH_4 - 58 %, этан C_2H_6 - 7,2 %, пропан C_3H_8 - 5,8 %, бутан C_4H_{10} - 7,0 %, пентан C_5H_{12} - 8,5 %, көміртегі (IV) оксиді CO_2 - 3 %, азот N_2 - 10,5 %. Жану артық ауа коэффициенті $\alpha = 1,7$ өтеді; жану температурасы $1000 \text{ }^\circ\text{C}$.

Шығару


1. Газ қоспаның құрамына кіретін жеке жаңғыш компоненттің әрқайсына жеке жану реакциясын құрастырамыз және стехиометриялық коэффициентін анықтаймыз:




$$\beta_{\text{CH}_4} = 2;$$




$$\beta_{\text{C}_2\text{H}_6} = 3,5;$$



$$\beta_{\text{C}_3\text{H}_8} = 5;$$



$$\beta_{\text{C}_4\text{H}_{10}} = 6,5;$$



$$\beta_{\text{C}_5\text{H}_{12}} = 8.$$

2. Газ қоспаның толық жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін есептейміз:

$$v_{\text{B}}^0 = \frac{(2 \cdot 5,8 + 3,5 \cdot 7,2 + 5 \cdot 5,8 + 6,5 \cdot 7 + 8 \cdot 5,8)}{21} = 12,5 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

3. Артық ауа коэффициентін ескеріп, салыстырмалы нақты ауа көлемін есептейміз:

$$v_{\text{B}} = 1,7 \cdot 12,5 = 21,25 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

4. Газ қоспаның берілген көлемі жану шартында жұмсалатын толық нақты ауа көлемін анықтаймыз:

$$V_{\text{B}} = 21,25 \cdot 10 = 212,5 \text{ м}^3.$$

5. Бастапқы газды қоспа компоненттерінің көлемдік бөліктерін негізге алып, жану өнімдердің салыстырмалы көлемдерін анықтау үшін кесте құрастырамыз.

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

Қоспа компоненті	Көлемдік бөлігі, r_i	Жану өнімдердің көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{м}^{-3}$		
		CO_2	H_2O	N_2
метан CH_4	0,58	$0,58 \cdot 1$	$0,58 \cdot 2$	$0,58 \cdot 7,52$
этан C_2H_6	0,072	$0,072 \cdot 2$	$0,072 \cdot 3$	$0,072 \cdot 13,16$
пропан C_3H_8	0,058	$0,058 \cdot 3$	$0,058 \cdot 4$	$0,058 \cdot 18,8$
бутан C_4H_{10}	0,07	$0,07 \cdot 4$	$0,07 \cdot 5$	$0,07 \cdot 24,4$
пентан C_5H_{12}	0,085	$0,085 \cdot 5$	$0,085 \cdot 6$	$0,085 \cdot 30,08$
көміртегі (IV) оксиді CO_2	0,03	0,03	–	–
азот N_2	0,105		–	0,105
Барлығы	1,0	1,6	2,5	10,8

6. Газды қоспаның жану шартында жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемін анықтау:

$$v_{\text{пт}}^0 = 1,6 + 2,5 + 10,8 = 14,9 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

7. Артық ауа коэффициентін ескеріп, қалыпты жағдайда берілген газды қоспаның 10 м^3 көлемінің жану өнімдердің салыстырмалы және толық нақты көлемдерін анықтаймыз:

$$v_{\text{пт}} = 14,9 + (1,7 - 1) \cdot 12,5 = 23,65 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3},$$

$$V_{\text{пт}} = 23,65 \cdot 10 = 236,5 \text{ м}^3.$$

8. Берілген жағдайларда жану өнімдердің көлемін есептейміз:

$$V_{\text{пр}} = \frac{236,5 \cdot 101,3 \cdot (1000 + 273)}{273 \cdot 101,3} = 1102,8 \text{ м}^3.$$

Қорытынды: 10 м³ газ қоспаның берілген жағдайларда жану кезінде 212,5 м³ ауа қажет; жану өнімдердің көлемі 1102,8 м³ құрайды.

§ 3.2.2. Күрделі конденсацияланған

материалдардың жануы

Күрделі конденсацияланған материал – бұл химиялық формуламен көрсетілмейтін химиялық құрамы бар сұйық және қатты күйіндегі заттардың қоспасы. Бұл ағаш, торф, мұнай мен мұнай өнімдері және сол сияқты т.б. заттар. Осындай заттардың құрамын химиялық элементтердің массалық немесе пайыздық бөліктерімен сипатталады.

Элементтік құрамы белгілі материалдың толық жануына қажетті теориялық ауа көлемін келесі формуламен анықталады:

$$v_{\mathbf{B}}^{\mathbf{O}} = \frac{4,76V_{\mu}}{100} \left(\sum_i \frac{\varphi_i \beta_i}{\mu_i} - \frac{\varphi_{\mathbf{O}}}{32} \right), \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}, \quad (1.34)$$

мұнда φ_i , $\varphi_{\mathbf{O}}$ – материалдың құрамындағы i жаңғыш компоненттің және оттегінің массалық пайыздық мөлшері, %;

β_i – материалдың құрамындағы i жаңғыш компоненттің жану реакциясындағы стехиометриялық коэффициенті;

μ_i – материалдың құрамындағы i химиялық элементтің молекулярлық массасы, $\text{кг} \cdot \text{кмоль}^{-1}$;

V_{μ} – берілген жағдайларда газдың киломоль көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{кмоль}^{-1}$, [1.28] формула бойынша анықталады.

Егер жаңғыш қоспа қалыпты жағдайларда ($V_{\mu} = 24,4 \text{ м}^3 \cdot \text{кмоль}^{-1}$) және құрамында тек көміртегі, сутегі, оттегі мен күкірт болса, онда (1.34) формула келесі түрде қолданады:

$$\begin{aligned} v_{\mathbf{B}}^{\mathbf{O}} &= \frac{4,76V_{\mu}}{4 \cdot 100} \left(\frac{\varphi_{\mathbf{C}}}{3} + \varphi_{\mathbf{H}} - \frac{\varphi_{\mathbf{O}} - \varphi_{\mathbf{S}}}{8} \right) = \\ &= 0,29 \left(\frac{\varphi_{\mathbf{C}}}{3} + \varphi_{\mathbf{H}} - \frac{\varphi_{\mathbf{O}} - \varphi_{\mathbf{S}}}{8} \right), \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}. \end{aligned} \quad (1.35)$$

Күрделі конденсацияланған материалдың жану өнімдердің көлемін есептеуді оның құрамына кіретін әрбір элементтің жану кезінде пайда болатын жану өнімдердің көлемін анықтау арқылы жүргізеді. Күрделі материал жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемі әрбір химиялық элементтің жану өнімдердің салыстырмалы көлемдерінің қосындысы ретінде келесі формула бойынша анықтайды:

$$v_{\text{пт}}^0 = \sum_i v_{\text{пт}i}^0 \cdot g_i, \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}, \quad (1.36)$$

мұнда $g_i = \frac{\Phi_i}{100}$ – материалдың құрамындағы i

химиялық элементтің массалық үлесі;

$v_{\text{пт}i}^0$ – материалдың құрамындағы i химиялық элементтің жану кезінде түзілетін жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}$, әрбір химиялық элементтің жану реакциясы бойынша келесі формула бойынша анықтайды:

$$v_{\text{пт}i}^0 = \frac{V_{\mu}}{\mu_i} \beta_i, \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}. \quad (1.37)$$

Құрделі материалдардың материалдық теңгерімін есептеуді жеңілдету үшін 1.6 кестеде жеке химиялық элементтердің жану кезінде пайда болатын жану өнімдердің қалыпты және тұрақты жағдайларындағы салыстырмалы көлемдер мәндері келтірілген.

1.6 кесте – Қалыпты және тұрақты жағдайларында кейбір элементтердің жану өнімдердің салыстырмалы көлемдері

Жаңғыш материалдың элементі	Жану өнімдердің көлемі*, м ³ ·кг ⁻¹			
	CO ₂	H ₂ O	N ₂	SO ₂
көміртегі С	1,87(2,03)*	–	7,0(7,65)*	–
сутегі Н	–	11,2(12,2)*	21,1(22,9)*	–
күкірт S	–	–	2,63(2,87)*	0,7(0,76)*
азот N	–	–	0,8(0,87)*	–
оттегі O	–		-2,63 (-2,87)*	
ылғал W	–	1,24(1,36)*		

*) жақшада – тұрақты жағдайда жану өнімдердің көлемі.

Күрделі материалдардың жану өнімдердің

көлемдерін анықтау әдістемесі

8. (1.34) формула бойынша элементтік құрамы берілген материалдың толық жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін есептеу; егер материал құрамындағы химиялық элементтің мөлшері берілмесе, онда ол (1.2) сәйкес химиялық формуламен анықталады.

9. (1.23) формула бойынша артық ауа коэффициентін ескеріп, салыстырмалы нақты ауа көлемін есептеу.

10. (1.30) формула бойынша материалдың берілген мөлшерінің жануына жұмсалатын толық нақты ауа көлемін анықтау.

11. Кейінгі есептеулерді жеңілдету үшін (1.36) формула бойынша есептелген коэффициенттер арқылы немесе 1.6 кестеде келтірілген (қалыпты немесе тұрақты жағдайларында) коэффициенттер көмегімен жаңғыш заттың элементтік құрамын негізінде жану өнімдердің салыстырмалы көлемдерін анықтау үшін кесте құрастыру.

12. (1.36) формула бойынша элементтік құрамы белгілі жаңғыш заттың жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық көлемін есептеу.

13. (1.31) формула бойынша артық ауа коэффициентін ескеріп, жану өнімдердің толық нақты көлемдерін анықтау.

14. (1.11) формула бойынша жану температурасында жану өнімдердің көлемін анықтау.

Есептер шығару мысалы

Құрамы: С – 57,9 мас. %; Н – 5,3 мас. %; О – 29,7 мас. %; S – 1,1 мас. %; ылғалдығы W – 6 мас. % болатын 5кг торфтың ауа мен жану өнімдердің, су буының салыстырмалы және толық көлемдерін анықтаңыз. Жану қалыпты жағдайында, артық ауа коэффициенті $\alpha = 1,5$, жану өнімдердің температурасы 950 °С.

Шығару

1. (1.34) формула бойынша торфтың толық жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін есептейміз:

$$v_{\text{B}}^0 = \frac{4,76 \cdot 22,4}{4 \cdot 100} \cdot \left(\frac{57,9}{3} + 5,3 - \frac{29,7 - 1,1}{8} \right) = 5,6 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

2. Ауаның салыстырмалы нақты көлемін анықтаймыз:

$$v_{\text{B}} = 1,5 \cdot 5,6 = 8,4 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

3. Ауаның толық нақты көлемін анықтаймыз:

$$V_B = 8,4 \cdot 5 = 42 \text{ м}^3.$$

4. Жаңғыш зат құрамындағы элементтердің массалық үлесі және 1.6 кестедегі коэффициенттер бойынша қалыпты жағдайдағы жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемін анықтаймыз. Кесте құрастырамыз.

Зат құрамындағы элементтер	Массалық үлес	Жану өнімдердің көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}$			
		CO_2	H_2O	SO_2	N_2
көміртегі С	0,579	$0,579 \cdot 1,87$	–	–	$0,579 \cdot 7,0$
сутегі Н	0,053	–	$0,053 \cdot 11,2$	–	$0,053 \cdot 21,1$
күкірт S	0,011	–	–	$0,011 \cdot 0,7$	$0,011 \cdot 2,63$
оттегі О	0,297	–	–	–	$-0,297 \cdot 2,63$
ылғал W	0,06	–	$0,06 \cdot 1,24$	–	–
Барлығы	1,0	1,08	0,67	$7,7 \cdot 10^{-3}$	4,42

5. Жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемін анықтаймыз:

$$v_{\text{шт}}^0 = 1,08 + 0,67 + 7,7 \cdot 10^{-3} + 4,42 = 6,2 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

6. Жану өнімдердің салыстырмалы және толық нақты көлемдерін анықтаймыз:

$$v_{\text{пг}} = 6,2 + (1,5 - 1) \cdot 5,6 = 9,0 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1},$$

$$V_{\text{пг}} = 9,0 \cdot 5 = 45 \text{ м}^3.$$

7. Жану температурасында жану өнімдердің көлемін есептейміз:

$$V_{\text{пг}}^{\text{T}_{\text{гор}}} = \frac{45 \cdot 101,3 \cdot (950 + 273)}{273 \cdot 101,3} = 201,6 \text{ м}^3.$$

8. (1.18) формула арқылы жану өнімдердің судың салыстырмалы көлемі бойынша су буының мөлшерін анықтаймыз:

$$\varphi_{\text{H}_2\text{O}} = \frac{0,67 \cdot 100}{9} = 7,4\%.$$

Қорытынды: 5 кг торфтың жану кезінде 42,0 м³ ауа шығындалады және 201,6 м³ жану өнімдер бөлінеді. Жану өнімдердің температурасы 950 °С; жану өнімдердің құрамында су буының мөлшері – 7,4 % құрайды.

БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Кестеде келтірілген заттардың ауада жану реакция теңдеуін құрастырыңыз.

№	Зат	Формула	№	Зат	Формула
1.	көміртегі метан глицерин анилин хлорлы этил	C CH ₄ C ₃ H ₈ O ₃ C ₆ H ₇ N C ₂ H ₅ Cl	7.	натрий октан диэтил эфирі гексамидин күкіртті көміртегі	Na C ₈ H ₁₈ C ₄ H ₁₀ O C ₁₂ H ₁₄ O ₂ N ₂ CS ₂
2.	күкірт этан амилацетат үшнитротолуол дифторэтан	S C ₂ H ₆ C ₇ H ₁₄ O ₂ C ₇ H ₅ O ₆ N ₃ C ₂ H ₄ F ₂	8.	кальций гексан пропанол никотин диметилфосфат	Ca C ₆ H ₁₄ C ₃ H ₈ O C ₁₀ H ₁₄ N ₂ C ₂ H ₇ O ₄ P
3.	фосфор ацетилен этилацетат нитробензол бромметан	P C ₂ H ₂ C ₄ H ₈ O ₂ C ₆ H ₅ O ₂ N CH ₃ Br	9.	магний пропилен этил спирті уротропин диэтилтиоэфир	Mg C ₃ H ₆ C ₂ H ₆ O C ₆ H ₁₂ N ₄ C ₄ H ₁₀ S
4.	көміртегі (II) оксиді бензол сірке қышқылы үшнитроглицерин хлорбензол	CO C ₆ H ₆ C ₂ H ₄ O ₂ C ₃ H ₅ O ₆ N ₃ C ₆ H ₅ Cl	10.	алюминий стирол метил спирті нитроанилин хлорбутан	Al C ₈ H ₈ CH ₄ O C ₆ H ₆ O ₂ N ₂ C ₄ H ₉ Cl

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

5.	калий толуол сірке альдегиді диметиламин фосген	K C ₇ H ₈ C ₂ H ₄ O C ₂ H ₇ N COCl ₂	11.	литий додекан этиленгликоль нитрометан хлорбензол	Li C ₁₂ H ₂₆ C ₂ H ₆ O ₂ CH ₃ O ₂ N C ₆ H ₅ Cl
6.	сутегі ксилол ацетон аммиак дихлорметан	H ₂ C ₈ H ₁₀ C ₃ H ₆ O NH ₃ CH ₂ Cl ₂	12.	цезий циклопентан метан қышқылы нитротолуол хлоргексен	Cs C ₅ H ₁₀ CH ₂ O ₂ C ₇ H ₇ O ₂ N C ₆ H ₁₁ Cl

2. Кестеде келтірілген заттардың диффузионды жалынның сәулелену түрін анықтау.

№	Зат	Формула	№	Зат	Формула
1.	этилацетат	C ₄ H ₈ O ₂	11	стирол	C ₈ H ₈
2.	амилацетат	C ₇ H ₁₄ O ₂	12	глицерин	C ₃ H ₈ O ₃
3.	метанол	CH ₄ O	13	гексан	C ₆ H ₁₄
4.	пропанол	C ₃ H ₈ O	14	пентан	C ₅ H ₁₂
5.	гептил спирті	C ₇ H ₁₆ O	15	декан	C ₁₀ H ₂₂
6.	сірке қышқылы	C ₂ H ₄ O ₂	16	этилбензол	C ₈ H ₁₀
7.	кұмырсқа қышқылы	CH ₂ O ₂	17	этиленгликоль	C ₂ H ₆ O ₂
8.	метилацетат	C ₃ H ₆ O ₂	18	толуол	C ₇ H ₈
9.	циклогексан	C ₆ H ₁₂	19	диоксан	C ₄ H ₈ O ₂
10	гептан	C ₇ H ₁₆	20	гексан	C ₆ H ₁₄

3. Заттың көлемдік және массалық стехиометриялық концентрациясын есептеңіз:

- а) қалыпты жағдайда ауада және оттегіде;
- б) ауада кестеде келтірілген жағдайда.

№	Зат	Формула	$t_0, ^\circ\text{C}$	$P_0, \text{кПа}$
1.	пропил спирті	$\text{C}_3\text{H}_8\text{O}$	5	102,5
2.	метил спирті	CH_4O	0	98,0
3.	амил спирті	$\text{C}_5\text{H}_{12}\text{O}$	18	100,0
4.	көміртегі (II) оксиді	CO	25	98,0
5.	бутан	C_4H_{10}	5	100,0
6.	пентан	C_5H_{12}	18	101,5
7.	гексил спирті	$\text{C}_6\text{H}_{14}\text{O}$	10	100,5
8.	күкіртті оттегі	CS_2	25	102,5
9.	ацетон	$\text{C}_3\text{H}_6\text{O}$	10	102,5
10.	бензол	C_6H_6	20	101,5
11.	этилацетат	$\text{C}_4\text{H}_8\text{O}_2$	15	98,5
12.	этиленгликоль	$\text{C}_2\text{H}_6\text{O}_2$	17	100,5
13.	этил спирті	$\text{C}_2\text{H}_6\text{O}$	23	101,0
14.	бутилацетат	$\text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_2$	30	99,5
15.	анилин	$\text{C}_6\text{H}_7\text{N}$	10	101,0

4*. Қалыпты жағдайда ауданы 480 м^3 болатын бөлмеде ацетиленнің C_2H_2 ауамен қоспаның

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

стехиометриялық концентрациясы түзілу үшін кальций карбидінің CaC_2 қандай мөлшері сумен әрекеттесу керек.

5. Кестеде келтірілген заттар үшін ауаның және жану өнімдердің толық көлемдерін есептеңіз. Берілген жағдайда жаңғыш газдың немесе будың берілген көлемдерінің жану кезінде жану өнімдердің пайыздық мөлшерін анықтаңыз.

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

№	Зат		$V_{гв},$ м ³	α	$t_{нач},$ °С	$t_{пр},$ °С
	атауы	формула				
1.	көміртегі (II) оксиді	CO	2	1,8	20	1100
2.	метан	CH ₄	14	1,5	0	900
3.	этан	C ₂ H ₆	4	1,4	5	950
4.	этилен	C ₂ H ₄	7	1,3	18	1200
5.	ацетилен	C ₂ H ₂	80	1,7	10	900
6.	пропан	C ₃ H ₈	9	1,1	25	1200
7.	пропилен	C ₃ H ₆	200	1,6	10	1000
8.	бутан	C ₄ H ₁₀	11	1,2	18	900
9.	бутаналь	C ₄ H ₈ O	3	1,9	32	1100
10.	пентан	C ₅ H ₁₂	25	2,2	20	1100
11.	пентанол	C ₅ H ₁₂ O	3	1,4	15	1200
12.	гексан	C ₆ H ₁₄	12	1,6	40	1200
13.	гексанол	C ₆ H ₁₄ O	1	1,4	22	800
14.	гептан	C ₇ H ₁₆	7	1,5	50	950
15.	октан	C ₈ H ₁₈	4	1,7	13	900
16.	диметил эфирі	C ₂ H ₆ O	5	1,9	25	800
17.	күкіртті сутегі	H ₂ S	7	1,4	30	950
18.	аммиак	NH ₃	5	1,6	27	1000
19.	сірке қышқылы	C ₂ H ₄ O ₂	2	2,0	7	1050
20.	октан қышқылы	C ₈ H ₁₆ O ₂	5	1,7	65	1000

6. Кестеде келтірілген сұйықтар үшін жаңғыш заттың берілген көлемінің жануына қажетті ауа көлемін анықтаңыз. Кестеде берілген жағдайда жану өнімдердің көлемін және құрамын анықтаңыз.

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

№	Зат	Формула	m, кг	α	$t_{\text{нач}},$ °C	$P_0,$ кПа	$t_{\text{пр}},$ °C
1.	пентанол	$C_5H_{12}O$	7	1,1	25	100	900
2.	гексанол	$C_6H_{14}O$	3	2,1	5	105	1000
3.	фенол	C_6H_6O	6	1,5	5	103	800
4.	хлорбензол	C_6H_5Cl	3	1,1	25	97	1100
5.	анилин	C_6H_7N	2	1,3	25	103	1200
6.	нитротолуол	$C_7H_7NO_2$	25	1,6	10	100	1200
7.	глицерин	$C_3H_8O_3$	15	1,4	21	101	1000
8.	этанол	C_2H_6O	80	1,7	10	104	900
9.	диэтил эфирі	$C_4H_{10}O$	5	1,9	25	102	800
10.	толуол	C_7H_8	10	1,5	20	100	1100
11.	ксилол	C_8H_{10}	7	1,1	-10	101	1200
12.	этиленгликоль	$C_2H_6O_2$	4	1,2	12	100	950
13.	хлоргептан	$C_7H_{15}Cl$	5	2,1	31	98	1100
14.	хлоранилин	C_6H_6NCl	1	1,4	17	102	1000
15.	гексаналь	$C_6H_{12}O$	18	1,1	-5	100	650
16.	дибутиламин	$C_8H_{19}N$	35	1,3	25	105	700
17.	бензилтиол	C_7H_8S	48	1,6	25	103	880
18.	диоксан	$C_4H_8O_2$	56	1,4	10	97	590
19.	динитротолуол	$C_7H_6O_4N_2$	14	1,7	21	103	620
20.	терпинеол	$C_{10}H_{18}O$	11	1,9	-10	100	1000
21.	нитроэтан	$C_2H_5O_2N$	8	1,4	25	101	900
22.	тиофен	C_4H_4S	25	1,7	0	103	800
23.	эвгенол	$C_{10}H_{12}O_2$	30	1,9	5	100	1100
24.	цианамид	CH_2N_2	49	1,5	12	101	1200
25.	крезол	C_7H_8O	52	1,1	22	104	950

7. Қай жаңғыш заттың жану кезінде жану өнімдер құрамында көміртегі диоксидінің мөлшері көп болады: егер метанның CH_4 жануы кезінде артық ауа коэффициенті 1,7 болса; ацетиленнің C_2H_2 жануы кезінде - 2,0; бутанның C_4H_{10} жануы кезінде – 2,5.

8*. Ауданы 100 дм^3 сейфті қаскөйлер жарғылары келеді. Олар оны 5 дм^3 сутегімен ($T = 298 \text{ К}$) толтырып, суық өзенге ($T = 280 \text{ К}$) батырып (жарылыстың шуы шықпау үшін), қоспаны жарады. Жарылысқа дейін сейфтің ішіндегі қысым 100 кПа . Үрдіс изохорлы болды деп есептеуге болады. Келесіні анықтаңыз:

а) жарылысқа дейін сейфтің ішінде газдың қанша моль саны болды (сутегі, оттегі, азоттың моль сандары);

б) сейфте жарылыстан кейін қанша моль газ қалды, егер жарылыс нәтижесінде түзілген су толық конденсацияланса;

в) суытылған жану өнімдердің қысымы қандай болады?

9*. 7 кг этилацетаттың $\text{C}_4\text{H}_8\text{O}_2$ жануына 240 м^3 ауа жұмсалды, жану температурасы $21 \text{ }^\circ\text{C}$ және қысым $101,3 \text{ кПа}$. Артық ауа коэффициентін анықтаңыз.

10*. Қыздыру жұмыстарын жүргізу үшін бензол C_6H_6 орналасқан көлемі 50 м^3 сыйымдылық ішіне бензолдың құрғақ жану өнімдерімен толтыру қажет. Жану өнімдер құрамында тек 5 % оттегі болу үшін бензолдың қандай мөлшері жандыру керек және артық ауа коэффициенті қандай болу керек? Шарттар қалыпты деп есептеңіз.

11. Кестеде келтірілген сұйықтар үшін бөлме көлемінде жанған заттың массасын және берілген жану өнімдердің пайыздық құрамын анықтаңыз, егер ауадағы оттегінің қандай мөлшерінде жану үрдісі тоқтағаны белгілі болса. Бастапқы шарттар кестеде көрсетілген. Жану кезінде тек толық жану өнімдері түзіледі.

№	Зат	Формула	$V_{\text{пр}}, \text{ м}^3$	$t_{\text{нач}}, \text{ }^\circ\text{C}$	$P_{\text{о}}, \text{ кПа}$	O_2 соңғы мөлшері, %	Бастапқы жану өнімі
1.	бензол	C_6H_6	250	18	100	14,6	H_2O
2.	этиленгликоль	$C_2H_6O_2$	150	19	98	14,2	N_2
3.	хлорпентан	$C_5H_{11}Cl$	120	28	102	12,5	HCl
4.	хлорбензол	C_6H_5Cl	100	15	101	16,3	CO_2
5.	сірке қышқылы	$C_2H_4O_2$	200	20	103	11,7	H_2O
6.	нитробензол	$C_6H_5O_2N$	350	22	99	10,5	N_2
7.	күкіртті көміртегі	CS_2	180	15	104	15,2	SO_2
8.	этилбензол	C_8H_{10}	80	20	100	14,8	CO_2
9.	циклогексан	C_6H_{12}	120	0	101	15,5	H_2O
10	диэтилбензол	$C_{10}H_{14}$	100	25	102	16,0	N_2

12*. Кестеде келтірілген сұйық заттар үшін қалыпты жағдайларда жабық бөлмеде жану нәтижесінде түзілетін жану өнімдердің көлемін және пайыздық құрамын анықтаңыз. Бөлменің ауданы кестеде көрсетілген.

№	Зат	Формула	m, кг	$V_{\text{ном}}, \text{м}^3$	анықталатын жану өнімі
1.	ксилол	C_8H_{10}	7	250	H_2O
2.	этиленгликоль	$\text{C}_2\text{H}_6\text{O}_2$	4	150	N_2
3.	хлоргептан	$\text{C}_7\text{H}_{15}\text{Cl}$	5	120	HCl
4.	анилин	$\text{C}_6\text{H}_7\text{N}$	1	150	N_2
5.	сірке қышқылы	$\text{C}_2\text{H}_4\text{O}_2$	8	200	H_2O
6.	нитробензол	$\text{C}_6\text{H}_5\text{O}_2\text{N}$	4	350	CO_2
7.	күкіртті көміртегі	CS_2	2	180	SO_2
8.	пропилбензол	C_9H_{12}	1	120	N_2
9.	аминобутан	$\text{C}_4\text{H}_{11}\text{N}$	5	100	CO_2
10.	этилэтанолламин	$\text{C}_6\text{H}_{15}\text{ON}$	3	80	H_2O

13. Құрамы көрсетілген жаңғыш газдардың жану кезінде жұмсалатын ауаның, жану өнімдердің көлемі мен құрамының теориялық және нақты көлемдерін анықтаңыз. Жану үрдісі кестеде көрсетілген шарттарда жүреді.

14. Құрамы берілген жаңғыш заттың (массасы, ылғалдылығы W , күлдің мөлшері A берілген) жану кезіндегі ауа көлемін, жану өнімдердің көлемі мен құрамын анықтаңыз. Жану үрдісі кестеде көрсетілген шарттарда жүреді.

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

№	Жаңғыш газдың құрамы, %							$V_{\text{газ}},$ м^3	α	$t_{\text{о}},$ $^{\circ}\text{C}$	$t_{\text{пр}},$ $^{\circ}\text{C}$
	CH_4 (C_2H_4)	CO (N_2)	H_2 (H_2O)	C_5H_{12} (C_2H_2)	C_4H_{10} (C_3H_8)	H_2S (C_2H_6)	O_2				
1.	60	20	–	(20)	–	–	–	5	1,1	20	950
2.	40	30	20	–	–	–	10	15	1,2	12	890
3.	(40)	15	20	–	(20)	–	5	21	2,1	31	780
4.	15	–	–	(35)	(15)	20	15	12	1,4	17	850
5.	35	–	(10)	(25)	25	–	5	2	2,4	7	750
6.	25	5*	10	35	–	(20)	5	16	1,6	15	1085
7.	25	–	60	(5)	–	5	5	11	3,6	10	985
8.	15	–	15	(40)	10	(15)	5	35	1,4	25	1005
9.	10	(15)	22	(30)	(20)	–	3	52	2,5	15	710
10.	25	15	–	30	–	(25)	5	16	1,8	10	910
11.	(45)	20	(5)	(15)	10	–	5	50	2,2	45	1200
12.	65	15*	15	–	–	3	2	70	1,7	20	950
13.		20		50		(30)	–	30	1,7	21	1000
14.		10	10		(70)	6	4	50	1,9	10	650
15.	35	40		25			–	48	1,5	25	700
16.	(10)			20	32	30	8	20	1,1	20	880
17.	50			10	10	24	6	15	1,2	-9	590
18.		5	(8)	5	80		2	35	2,1	12	620
19.	4	6*	(30)			60	–	18	1,4	31	1000
20.			40	30	27		3	46	1,1	17	900
21.		25		(45)	23		7	75	1,3	-5	800
22.	10			10	40	(30)	10	60	1,6	25	450
23.	39		20		20	10	11	37	1,4	10	580
24.				18	10	70	2	10	1,7	25	600
25.	(35)		25		(35)		5	15	1,9	15	730

* – газдың құрамында CO_2 мөлшері.

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі

№	Жаңғыш заттың құрамы, %						m, кг	α	t_{02} , °C	P_{02} , кПа	$t_{нгр}$, °C	
	зат	C	O	H	S	N (W)						P (A)
1.	мазут	85	0,4	14	0,3	0,3	–	2,6	2,1	12	86,0	950
2.	резина	83		11	3		3	5,2	1,1	22	106	970
3.	битумды шайыр	80		11	6	3	–	14,5	2,1	5	103	700
4.	капронды шайыр	78	6	9		7	–	12	2,5	25	100	830
5.	ағаш	42	43	5		(9)	(4)	16	2,6	7	93	810
6.	– « –					(8)	(5)			35	95	650
7.	мұнай	81	1	11	1	(6)		25	2,1	12	86	950
8.	улы химикаттар	53	10	21	8		8	52	2,6	5	105	970
9.	– « –	68	12	8	5	(5)	(2)		1,4	22	102	550
10.	– « –	70	5	12	4	3	6		2,0	18	98	900
11.	эпоксидті шайыр	75		14	5	6	–	45	2,1	17	103	750
12.	– « –	72	12	8		8	–	30	1,9	22	99	660
13.	керосин	85	1	13	1	–	–	15	1,5	12	101	830
14.	қоңыр көмір	76	5	6	2	2	(9)	80	2,3	16	100	650
15.	– « –	70	8	8	3		(8)	45	1,4	-7	103	880
16.	– « –	73	7	6	2	1	(11)	60	1,3	28	95	740
17.	– « –	72	8	7	1		(12)	75		16	98	430
18.	тас көмір	78	2	15	1,5	3,5	(8)	50	2,2	20	99	950
19.	– « –	80	5	9	2	–	(4)	85	2,5	10	97	580
20.	– « –	76	6	10	3	–	(5)	90	1,6	-5	104	840

15. Көлемі $1,8 \text{ м}^3$ ыдыстан құрамы: H_2 – 7 %, CH_4 – 30 %, C_2H_5 – 50 %, C_4H_{10} – 10 %, H_2S – 3 % болатын газ қоспасын шығарады. Қалыпты жағдайда газдың барлық көлемінің диффузионды жалын түрінде толық жануына

1 тарау. Жану үрдісінің материалдық теңгерімі
қажетті ауа көлемін анықтаңыз. Артық ауа коэффициенті α
= 3. Газдың судағы ерігіштігін есепке алмаңыз.

16*. Өлшемі $8 \times 5 \times 3$ м болатын кептіргіш камерада
құрамы: С – 47 %; Н – 5 %; О – 40 %; ағаштың
ылғалдылығы $W = 8$ % болатын ағаштың жануымен өрт
пайда болды. Егер жалынды жану оттегінің
концентрациясы 14 %-дан төмен болған кезде токтаса,
ағаштың қандай мөлшері жанды. Өрт шарттары:
температура 1000 °С, қысым 98 кПа.


17*. Келесі құрамды: H_2 – 6 %; CH_4 – 75 %; C_2H_6 –
3 %; C_3H_8 – 5 %; O_2 – 11 % табиғи газдың 1 сағат ішінде
толық жануына қажетті ауа көлемін анықтаңыз. Газ
жаңғыштың (газовая горелка) шығыны $45 \text{ л} \cdot \text{хв}^{-1}$ құрайды.

2 ТАРАУ.

ЖАНУ ҮРДІСІНІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТЕҢГЕРІМІ

Термодинамиканың бірінші заңына сәйкес химиялық реакция жүру кезінде жану үрдістердің энергетикалық теңгерімі энергия сақталу заңын білдіреді. Энергияның сақталу заңы келесіні түсіндіреді: әрекеттесуге түскен заттардың жалпы ішкі энергия қоры немесе энтальпиясы жану өнімдердің ішкі энергия немесе энтальпия және реакция нәтижесінде бөлінген жылудың қосындысына тең болады, егер жүйеде температура мен қысым өзгермесе (изобара-изотермиялық үрдіс), немесе жүйедегі көлем мен температура өзгермесе (изохора-изотермиялық үрдіс) [4] – [6].

Энергетикалық теңгерімнің есептелуі Г.И. Гесс заңына сәйкес реакцияның жылулық әсерін ескертетін термохимиялық реакция теңдеуі бойынша жүргізіледі:



мұнда n_i – бастапқы заттардың моль саны A_i ;

n_j – жану өнімдердің моль саны A_j ;

Q_{xp} – реакцияның жылулық әсері.

Реакцияның жылулық әсері – температура мен қысым немесе температура мен көлемнің тұрақтылығы шартында қайтымсыз химиялық реакция жүру кезінде жүйеде бөлінетін немесе жұмсалатын жылудың мөлшері.

Жүйенің бастапқы және соңғы энергия деңгейлері реакция жылулық мөлшеріне өзара айырылады $Q_{\text{хр}}$:

$$E_{\text{соңғы}} - E_{\text{бастапқы}} = Q_{\text{хр}}. \quad (2.1)$$

Энергия өлшеміне жүйенің ішкі энергияны U немесе энтальпияны H алады.

Жүйенің ішкі энергиясы – бұл жалпы энергияның қоры, бөлшектердің кинетикалық энергия мен олардың әрекеттесудің потенциалдық энергиялардың қосындысы, жалпы химиялық байланыстың энергиясы.

Энтальпия – бұл қысым тұрақтылығы шартында кеңею жұмысы атқарылатын жүйенің ішкі энергиясы:

$$\Delta H = \Delta U + P \cdot \Delta V, \quad (2.2)$$

немесе идеалды газ жағдайына келтіретін болсақ $PV = nRT$:

$$\Delta H = \Delta U + \Delta nRT, \quad (2.3)$$

мұнда Δn – бастапқы заттар мен жану өнімдердің моль сандарының азайтындысы.

Жүйенің ішкі энергиясы мен энтальпиясы бастапқы нүктеге ие болмайды және нольге тең болмайды, себебі энергиясы болмайтын жағдайға жүйені келтіруге мүмкін емес. Сондықтан реакцияның энергетикасын анықтау үшін реакция кезіндегі энергияның өзгеруін (ΔH , ΔU) анықтау қажет.

Химиялық реакцияның жылулық әсері жүйеде ішкі энергияның ΔU (жүйенің көлемі тұрақты болса) немесе энтальпияның ΔH (егер жүйедегі қысым өзгеріссіз болса) өзгеруінен пайда болады.

Жану үрдісі өздігінен пайда болады, яғни жану кезінде химиялық реакцияның пайдалы жұмыс атқаруға жұмсалатын жүйенің ішкі энергиясы азаяды және жүйе тұрақты күйге ауысады. Пайдалы жұмыс Гиббстің термодинамикалық потенциалдары (ΔG , егер қысым мен температура тұрақты болса) немесе Гельмгольцтің термодинамикалық потенциалдары (ΔF , егер көлем мен температура тұрақты болса) арқылы анықталады:

$$\Delta G = \Delta H - T\Delta S; \quad \Delta F = \Delta U - T\Delta S, \quad (2.4)$$

мұнда T – жүйенің абсолютті температурасы;

ΔS – жүйенің энтропиясы.

Үрдістің өздігінен жүруі осы параметрлердің (ішкі энергияның) төмендеуімен түсіндіріледі, яғни

$$\Delta G_{P,T} < 0, \quad \Delta F_{V,T} < 0. \quad (2.5)$$

Жану кезінде жүйедегі моль сандарының жоғарлауына $\Delta n > 0$ және жүйенің температурасының да жоғарлауына байланысты жүйенің энтропиясы көбейеді $\Delta S > 0$. Осы жағдайларда термодинамикалық потенциалдардың мәндері тек $\Delta H < 0$ немесе $\Delta U < 0$ кезінде ғана төмендейді.

Егер реакция аяқталғанда жүйенің энтальпиясы немесе ішкі энергиясы төмендесе, онда энергия бөлінеді, яғни *экзотермиялық* реакция жүреді ($\Delta H < 0$, $\Delta U < 0$). Егер жану өнімдердің энтальпиясы бастапқы заттардың энтальпиясынан жоғары болса ($\Delta H > 0$, $\Delta U > 0$), онда реакция тек қосымша жылу берілсе ғана жүреді, яғни ол *эндотермиялық* болады. Сонымен, жану реакция әрқашан экзотермиялық реакция болып табылады.

Термодинамиканың бірінші заңына сәйкес, жүйеден бөлінген жылу келесі теңдеуге тең болады:

$$-dQ = dU + PdV = dH - VdP. \quad (2.6)$$

Реакцияның жылулығы оның бағытына тәуелді емес, ол тек жүйенің бастапқы және соңғы күйіне байланысты (Гесс заңы). Егер жану тұрақты қысымда жүрсе, яғни $dP = 0$, онда реакцияның жылуы жүйенің бастапқы және соңғы күйіндегі энтальпия азайтындысына тең болады:

$$Q_p = -\int dH = -\Delta H. \quad (2.7)$$

Егер жану жабық көлемде немесе жарылыс кезіндегідей тұрақты көлемде жүрсе, онда $dV = 0$ және реакцияның жылулығын келесі қатынаспен анықтауға болады:

$$Q_v = -\int dU = -\Delta U. \quad (2.8)$$

Сонымен, реакцияның жылуы жүйенің күйіне байланысты және соңғы реакция өнімдердің күйіне тәуелді болады. Мысалы, су – бу немесе сұйық күйінде, көміртегі – графит немесе алмаз түрінде (кристаллдық құрылысына байланысты) және т.б.

Жану жылулығы – бұл толық жану өнімдердің пайда болуымен жүретін 1 моль жаңғыш заттың жануы кезінде

бөлінетін жылулық мөлшері. Бастапқы заттар және соңғы өнімдер тұрақты жағдайда болуы шарт.

Химиялық реакцияның жылулық әсерін есептеу үшін жай заттардан қосылыстардың тұрақты түзілу жылулығын пайдаланады:

$$\Delta H_{\text{гор}}^{\circ} = \sum_i n_{\text{пг}_i} \Delta H_{\text{ф}_\text{пг}_i}^{\circ} - \sum n_{\text{гс}} \Delta H_{\text{ф}_\text{гс}}^{\circ}, \quad (2.9)$$

мұнда $\Delta H_{\text{гор}}^{\circ}$ – тұрақты жану жылулығы, кДж моль⁻¹;

$\Delta H_{\text{ф}_\text{пг}_i}^{\circ}$ – i жану өнімнің тұрақты түзілу жылулығы, кДж моль⁻¹;

$n_{\text{пг}_i}$ – i жану өнімнің моль саны;

$\Delta H_{\text{ф}_\text{гс}}^{\circ}$ – жаңғыш қоспа компоненттерінің тұрақты түзілу жылулығы, кДж моль⁻¹;

$n_{\text{гс}}$ – жаңғыш қоспа компоненттерінің моль саны.

Заттың тұрақты түзілу жылулығы $\Delta H_{\text{ф}}^{\circ}$ – тұрақты жағдайларда ($P = 101,3$ кПа, $T = 298$ К) жай заттардан 1 моль қосылыстың түзілуімен жүретін реакция жылулығы.

Жай заттың тұрақты түзілу жылулығы нольге тең болады.

Ауадағы жану реакциясы жаңғыш заттың 1 моль санына есептеледі, жаңғыш қоспа құрамы жаңғыш заттан ғана емес, сонымен бірге тұрақты түзілу жылулығы нольге тең оттегі және азоттан тұрады, сондықтан жану реакцияның жылулық әсері келесі теңдеумен өрнектеледі:

$$\Delta H_{\text{гор}} = \sum_i n_{\text{пг}_i} \Delta H_{\text{ф}_i}^{\circ} - \Delta H_{\text{ф}_\text{гр}}^{\circ} \quad (2.10)$$


Жаңғыш заттың мөлшер бірлігін анықтау түріне байланысты жану жылулықтың келесі түрлерін айырады: *молярлы* (немесе *тұрақты*) Q (кДж моль⁻¹) – жаңғыш заттың 1 моль жану кезінде, *массалық* Q' (кДж кг⁻¹) – жаңғыш заттың 1 кг жану кезінде және *көлемдік* Q'' (кДж м⁻³) – жаңғыш заттың 1 м³ жану кезінде.

Жану кезінде пайда болған және жану өнімдердің құрамында болатын судың агрегаттық күйіне байланысты жоғарғы $Q_{\text{в}}$ және төменгі $Q_{\text{н}}$ жану жылулығын айырады.

Жоғарғы жану жылулығы – бұл жаңғыш қоспа мен жану өнімдері қалыпты жағдайда болатын, ал жану өнімдердің құрамындағы су конденсацияланған (сұйық) күйде болатын шартында жаңғыш заттың бірлік саны толық жану кезінде бөлінетін жылу мөлшері.

Төменгі жану жылулығы – бұл жаңғыш қоспа мен жану өнімдері қалыпты жағдайда болатын, ал жану өнімдері құрамындағы су газ күйінде болатын шартында жаңғыш заттың бірлік мөлшерінің толық жану кезінде бөлінетін жылу мөлшері.

Сызба түрінде, төменгі және жоғарғы жану жылулығы арасындағы айырмашылық 2.1 суретте көрсетілген.



Сурет 2.1 – Судың газ немесе сұйық күйіндегі жанудың экзотермиялық реакцияның жылулық әсері

($E_{акт}$ – химиялық реакцияны бастау үшін бастапқы жүйеге жіберілетін минималды энергия мөлшері)

Жоғарғы жану жылулығы төменгі жану жылулығынан ерекшеленеді. Төменгі жану жылулығы жану өнімдердің құрамында болатын судың конденсациялау $Q_{\text{конд}}$ кезінде бөлінеді:

$$Q_{\text{в}} - Q_{\text{н}} = Q_{\text{конд}}; \quad (2.11)$$

$$Q_{\text{конд}} = n_{\text{H}_2\text{O}} \Delta H_{\text{исп}}, \quad (2.12)$$

мұнда $n_{\text{H}_2\text{O}}$ – жану өнімдер құрамындағы судың мөлшері, моль;

$\Delta H_{\text{исп}}$ – судың молярлық булану жылулығы, кДж·моль⁻¹.

Төменгі жану жылулығынан әрқашан төмен болатын және заттың жану жылулығына әсер ететін факторларды (толық емес химиялық жану, заттың ылғалдылығы, сәулеленуге жылудың жұмсалынуы) есепке алған жағдайда **тәжірибелік** немесе **жұмыс жану жылулығын** $Q_{\text{н}}^{\text{p}}$ анықтайды. Заттың құрамында судың мөлшері көбейген кезде оның булануына жұмсалатын энергия мөлшері артады, ал тәжірибелік жану жылулығы төмендейді.

Энергетикалық теңгерімді есептеудің

тәжірибелік маңызы

Энергетикалық теңгерімді есептеудің негізінде жану жылулығын есептеу жатады. Заттардың өрт қауіпі параметрлерін және өрттің даму параметрлерін есептеу кезінде жану жылулығын анықтаудың тәжірибелік маңызы мол.

1. Өрт жүктемесін $P_{\text{пож}}$, $\text{МДж} \cdot \text{м}^{-2}$ есептеу кезінде жану жылулығын қолданады. Өрт жүктемесі құрылыс құрылғыларына өрттің жылулық әсерінің сандық сипаттамасы болып табылады.

2. Заттардың өрт қауіпі сипаттамаларын, яғни заттың жану температурасын, жарылыс температурасын, жалын таралудың төменгі концентрациялық шегін, жарылыстың максималды қысымын, жарылыс кезінде қысымның өсу жылдамдығын анықтау үшін төменгі жану жылулығын қолданады.

3. Заттың жаңғыштығын жану жылулығы бойынша анықтауға болады. Егер төменгі жану жылулығы газдар үшін $1830 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}$ мәнінен төмен болса, булар немесе қатты заттар үшін $2100 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}$ мәнінен төмен болса, және олар жарылыс қауіпі бар заттарға жатпаса, онда осындай заттардың жаңғыш емес қатарына жататыны тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген.

§ 1. Жеке заттар мен күрделі материалдардың жану жылулығын есептеу

Жану реакцияның жылулық әсерін есептеу үшін элементтерден жеке заттардың тұрақты түзілу жылулығын ΔH_f^0 қолданады. Сонымен қатар, оны өрт қауіпі көрсеткіштерін: жалын таралудың концентрациялық және температуралық шектерін, жаңғыш емес газдардың минималды флегматикалық концентрациясын және т.б. есептеу кезінде де қолданады.

§ 1.1. Расчет стандартной теплоты образования индивидуальных веществ

Газ күйіндегі заттардың тұрақты түзілу жылулығын бағалау үшін осы заттың атомдары арасындағы химиялық байланыстарды үзу энергия мәндерін қолданады:

$$\Delta H_f^0 = \sum_i \Delta(\Delta H_f^0)_i n_i, \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}, \quad (2.13)$$

мұнда $\Delta(\Delta H_f^0)_i$ – молекула энтальпиясына i -түріне жататын байланыстың аддитивті үлесі, 1.7 кестесін қара, $\text{кДж} \cdot \text{моль}^{-1}$;

n_i – молекуладағы i -түріне жататын байланыстың саны.

Аддитивті үлестер – бұл атом түрлеріне, олардың валенттілігіне, байланыстар санына, байланыстардың кернеулігіне байланысты химиялық байланыстың үзу энергияның мәні.

Кесте 2.1 – Заттың тұрақты түзілу жылулығын есептеу кезінде әртүрлі түрге жататын байланыстардың аддитивті үлестері

Байланыс түрі	Үлесі $\Delta(\Delta H_f^0)$, кДж·моль ⁻¹	Байланыс түрі	Үлесі $\Delta(\Delta H_f^0)$, кДж·моль ⁻¹
C – C	19,645	C – N ⁵	-21,186
C = C	115,767	C – N ³	41,869
C \cdots C (аром. байланыс)	22,483	O = N ⁵	-3,684
C – H	-19,703	O – N ⁵	45,763
C – O	-49,866	H – N ³	-5,904
C = O	-134,19	O – H	-123,681

Тұрақты түзілу жылулығын есептеу әдістемесі

1. Химиялық байланыс түрлерін көрсетумен заттың құрылымдық формуласын жазу.

2. і-түріне жататын байланыстардың түрін және санын анықтау.

3. 2.1 кесте бойынша байланыстардың аддитивті үлестер $\Delta(\Delta H_f^0)$ мөлшерін анықтау.


4. (2.13) формула бойынша заттың түзілу жылулығын ΔH_f° есептеу.

Есеп шығару мысалы

Пропиленгликольдің түзілу жылулығын есептеу.

Шығару

1. Пропиленгликольдің құрылымдық формуласын анықтаймыз:



2. Байланыстар түрін, санын заттың түзілу жылулығына олардың аддитивті үлестерін $\Delta(\Delta H_f^\circ)$ анықтаймыз. Ыңғайлық үшін кесте құрастырамыз:

Байланыс түрі	Байланыс саны	Үлесі $\Delta(\Delta H_f^\circ)$, кДж·моль ⁻¹
C – C	2	19,65
C – H	6	-19,7
C – O	2	-49,9
O – H	2	-123,68

3. (2.13) формула бойынша пропиленгликольдің түзілу жылулығын есептейміз:

$$\begin{aligned}\Delta H_f^0 &= 19,65 \cdot 2 + (-19,7)6 + (-49,9)2 + (-123,7)2 = \\ &= -426 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}.\end{aligned}$$

Қорытынды: пропиленгликольдің есептелген түзілу жылулығы минус 426,0 кДж·моль⁻¹. Анықтама [12] мәліметтері бойынша бұл заттың түзілу жылулығы минус 499,90 кДж·моль⁻¹, сондықтан есептеудің қатесі 14,8 % құрайды.

§ 1.2. Жеке заттардың жану жылулығын есептеу

Молярлық (тұрақты) жану жылулығын (жоғарғы және төменгі) жану жылулығы үшін термохимиялық белгілер жүйесін қолданып, Гесс заңы бойынша есептейді, (2.10) формуласын қара):

$$Q_{\text{гор}} = \left| \Delta H_{\text{гор}}^0 \right|, \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$Q_{\text{гор}} = \left| \sum_i \Delta H_{\text{f пр } i}^0 \cdot n_{\text{пр } i} - \Delta H_{\text{f гр}}^0 \right|, \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1} \quad (2.14)$$

Молярлық жану жылулығын $Q_{\text{гор}}$ (жоғарғы және төменгі) массалық жану жылулығына $Q'_{\text{гор}}$ айналдыру үшін келесі формуланы қолданады:

$$Q'_{\text{гор}} = \frac{Q_{\text{гор}} \cdot 1000}{\mu_{\text{гр}}}, \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}, \quad (2.15)$$

мұнда $\mu_{\text{гр}}$ – жаңғыш заттың молярлық массасы, $\text{кг} \cdot \text{кмоль}^{-1}$.

Газ күйіндегі заттар үшін молярлық жану жылулықтың $Q_{\text{гор}}$ көлемдік жану жылулығына $Q''_{\text{гор}}$ қайта есептелуі келесі формула бойынша жүреді:

$$Q''_{\text{гор}} = \frac{Q_{\text{гор}} \cdot 1000}{V_{\mu}}, \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}, \quad (2.16)$$

мұнда V_{μ} – берілген жағдайларда газдың молярлық көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{кмоль}^{-1}$.

Жану өнімдер құрамында кездесетін кейбір жаңғыш және жаңғыш емес заттардың түзілу жылулығы қосымшаның 4, 6, 7 кестелерінде және [13] анықтамада келтірілген.

Жеке заттың жану жылулығын есептеудің әдістемесі

1. Заттың жану реакциясының теңдеуін құрастыру.
2. Жану өнімдері мен жаңғыш заттың тұрақты түзілу жылулығын анықтау, (2.14) формула бойынша жоғарғы және төменгі жану жылулығын есептеу.
3. Заттың молярлық массасын анықтау.
4. (2.15) формула бойынша молярлық жану жылулығын массалық жану жылулығына айналдыру.
5. (1.10) формула бойынша берілген шарттарда газдың молярлық көлемін есептеу.


6. (2.16) формула бойынша молярлық жану жылулығын көлемдік жану жылулығына айналдыру.

Есеп шығару мысалы

Тұрақты жағдайларда этилформиаттың $C_3H_6O_2$ тұрақты, массалық және көлемдік жоғарғы және төменгі жану жылулықтарын анықтау.

Шығару

1. Этилформиаттың жану реакциясының теңдеуін құрастырамыз:



2. Гесс заңы бойынша этилформиаттың молярлық жоғарғы және төменгі жану жылулықтарын есептейміз (2.14).

Қосымшаның 4 кестесі бойынша жану өнімдердің тұрақты түзілу жылулықтар мәндерін қолданамыз; этилформиаттың тұрақты түзілу жылулығын қосымшаның 14 кестесін аламыз:

этилформиат ΔH_f^0 $C_3H_6O_2 = -371,2$
кДж·моль⁻¹;

көмірқышқыл газы	$\Delta H^{\circ}_{f\text{CO}_2} = -393,5$
кДж·моль ⁻¹ ;	
бу күйіндегі су	$\Delta H^{\circ}_{f\text{H}_2\text{O}(\text{г})} = -241,8$ кДж·моль ⁻¹ ;
сұйық күйіндегі су	$\Delta H^{\circ}_{f\text{H}_2\text{O}(\text{ж})} = -285,8$ кДж·моль ⁻¹ .

$$Q_{\text{в}} = \left| n_{\text{CO}_2} \Delta H^{\circ}_{f\text{CO}_2} + n_{\text{H}_2\text{O}} \Delta H^{\circ}_{f\text{H}_2\text{O}(\text{ж})} - \Delta H^{\circ}_{f\text{гп}} \right| =$$

$$= |3 \cdot (-393,5) + 3 \cdot (-285,8) - (-371,2)| = 1667,7 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

$$Q_{\text{н}} = \left| n_{\text{CO}_2} \Delta H^{\circ}_{f\text{CO}_2} + n_{\text{H}_2\text{O}} \Delta H^{\circ}_{f\text{H}_2\text{O}(\text{г})} - \Delta H^{\circ}_{f\text{гп}} \right| =$$

$$= |3 \cdot (-393,5) + 3 \cdot (-241,8) - (-371,2)| = 1535,7 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

3. этилформиаттың молярлық массасын анықтаймыз:

$$\mu_{\text{гв}} = 3 \cdot 12 + 6 \cdot 1 + 2 \cdot 16 = 74 \text{ кг} \cdot \text{кмоль}^{-1}.$$

4. (2.15) формула бойынша молярлық жану жылулығын массалық жану жылулығына айналдырамыз:

$$Q'_{\text{в}} = \frac{1667,7 \cdot 1000}{74} = 22536,3 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1},$$

$$Q'_H = \frac{1535,7 \cdot 1000}{74} = 20752,6 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}.$$

5. Тұрақты жағдайларда газдың молярлық көлемі
 $V_\mu = 24,4 \text{ м}^3 \cdot \text{кмоль}^{-1}$.

6. (2.16) формула бойынша молярлық жану жылулығын көлемдік жану жылулығына айналдырамыз:

$$Q''_B = \frac{1667,7 \cdot 1000}{24,4} = 67486,8 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3},$$

$$Q''_H = \frac{1535,7 \cdot 1000}{24,4} = 63987,1 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

Қорытынды: этилформиат үшін келесі жану жылулықтары тән:

молярлық $Q_B = 1667,7 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}$, $Q_H = 1535,7 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}$;

массалық $Q'_B = 22536,3 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}$, $Q'_H = 20752,6 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}$;

көлемдік $Q''_B = 67486,8 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}$, $Q''_H = 63987,1 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}$.

§ 1.3. Күрделі заттар мен материалдардың жану жылулығын есептеу

Газды қоспалардың жану жылулықтары олардың құрамына және әрбір компоненттің жану жылулығына байланысты. Негізгі газдардың қалыпты жағдайдағы көлемдік жану жылулықтарының белгілі мәндері 2.2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2.2 – Кейбір газдардың және булардың қалыпты жағдайдағы жоғарғы және төменгі көлемдік жану жылулық мәндері

Зат		Жану жылулығы, кДж·м ⁻³	
атауы	формула	жоғарғы Q'' _в	төменгі Q'' _н
сутегі	H ₂	12750	10790
көміртегі(II) оксиді	CO	12640	12640
күкіртсутегі	H ₂ S	25350	23700
метан	CH ₄	39820	35880
ацетилен	C ₂ H ₂	55123	53320
этилен	C ₂ H ₄	57623	54016
этан	C ₂ H ₆	70310	64360
пропан	C ₃ H ₈	101210	93180
н-бутан	C ₄ H ₁₀	133800	123570
н-пентан	C ₅ H ₁₂	169270	150630
н-гексан	C ₆ H ₁₄	187400	187400
н-гептан	C ₇ H ₁₆	216880	200550

Газ қоспаларының жану жылулығы – бұл қоспа компоненттерінің мөлшерін есепке алғанда жану жылулықтарының қосындысы:

$$\text{көлемдік: } Q''_{\text{н(в)}}_{\text{сум}} = \sum_i Q''_{\text{н(в)}}_i \cdot r_i, \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}, \quad (2.17)$$

$$\text{массалық: } Q'_{\text{н(в)}}_{\text{сум}} = \sum_i Q'_{\text{н(в)}}_i \cdot g_i, \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1},$$

мұнда $Q''_{\text{н(в)}}_i$ – қоспаның жаңғыш i компонентінің төменгі (немесе жоғарғы) көлемдік жану жылулығы, $\text{кДж} \cdot \text{м}^{-3}$;

$Q'_{\text{н(в)}}_i$ – қоспаның жаңғыш i компонентінің төменгі (немесе жоғарғы) массалық жану жылулығы, $\text{кДж} \cdot \text{кг}^{-1}$;

r_i – газ қоспасындағы i жаңғыш компонентінің көлемдік үлесі;

g_i – газ қоспасындағы i жаңғыш компонентінің массалық үлесі.

Газ қоспасындағы компоненттің көлемдік r_i және массалық g_i үлестері бір-бірімен келесі формула арқылы байланысты:

$$g_i = \frac{r_i \mu_i}{\sum_k r_k \mu_k},$$

мұнда μ_i – сәйкес i компонентінің молярлық массасы.

Құрылысы белгісіз жаңғыш заттар үшін немесе химиялық қосылыстар қоспасы болып табылатындар үшін жанудың массалық жылулығын Менделеев теңдеуі бойынша анықтайды. Бұл теңдеуге сәйкес жоғарғы жану жылулығы:

$$Q'_B = 339,4\varphi_C + 1256,8\varphi_H + 108,9(\varphi_S - \varphi_O - \varphi_N), \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}; \quad (2.18)$$

Төменгі жану жылулығын анықтау үшін жану өнімдер құрамындағы су буларының конденсациялануын ескеру керек:

$$\begin{aligned} Q'_H &= Q'_B - 25,1(9\varphi_H + W) = \\ &= 339,4\varphi_C + 1256,8\varphi_H + 108,9(\varphi_S - \varphi_O - \varphi_N) - 25,1(9\varphi_H + W), \\ &\text{кДж} \cdot \text{кг}^{-1}, \end{aligned} \quad (2.19)$$

мұнда φ_C , φ_H , φ_S , φ_O , φ_N , W – жаңғыш заттың құрамындағы сәйкес көміртегінің, сутегінің, күкірттің, оттегінің, азоттың және ылғалдың массалық пайыздық мөлшері.

Менделеев теңдеуін жеке заттардың және құрамы күрделі химиялық заттардың жану жылулығын есептеу үшін қолданады.

***Газ қоспасының жану жылулығын
анықтау әдістемесі***

1. Әрбір жаңғыш компоненттің ауада жану реакция теңдеуін құрастыру.

2. (2.13) формула немесе қосымшаның 4 кестесі бойынша жану өнімдердің немесе қоспаның әрбір жаңғыш компонентінің түзілу жылулығын анықтау.

3. Гесс заңы немесе анықтамалық мәліметтер [14] бойынша қоспаның әрбір i компонентінің жоғарғы және төменгі молярлық жану жылулығын анықтау.

4. (2.16) формула бойынша алынған жанудың молярлық жылулық мәндерін көлемдік жану жылулығына айналдыру немесе 2.2 кестесі бойынша негізгі газдардың көлемдік жану жылулық мәндерін қолдану керек.





5. (2.17) формула бойынша әрбір компоненттің пайыздық мөлшерін ескеріп, газ қоспасының көлемдік жану жылулығын анықтау.

Есеп шығару мысалы

Тұрақты жағдайларда құрамы $\text{CO} - 6,8\%$, $\text{H}_2 - 57\%$, $\text{N}_2 - 7,7\%$, $\text{CO}_2 - 2,3\%$, $\text{CH}_4 - 22,5\%$, $\text{C}_2\text{H}_6 - 3,7\%$ болатын кокс газының төменгі жану жылулығын анықтау.

Шығару

1. Қоспаның жаңғыш компоненттердің ауада жану реакция теңдеуін құрастырамыз:



2. Қоспаның әрбір компонентінің және жану өнімдердің түзілу жылулықтың анықтамалық мәндерін анықтау [14]:

көміртегі (II) оксиді $\Delta H_{\text{fCO}}^{\circ} = -110,6 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}$,

сутегі $\Delta H_{\text{fH}_2}^{\circ} = 0 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}$,

2 тарау. Жану үрдісінің энергетикалық теңгерімі

метан	$\Delta H^{\circ}_{f\text{CH}_4} = -74,85 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1}$,
этан	$\Delta H^{\circ}_{f\text{C}_2\text{H}_6} = -84,67 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1}$,
азот	$\Delta H^{\circ}_{f\text{N}_2} = 0 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1}$,
бу күйіндегі су	$\Delta H^{\circ}_{f\text{H}_2\text{O}(г)} = -241,8 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1}$,
көмірқышқыл газы	$\Delta H^{\circ}_{f\text{CO}_2} = -393,5 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1}$.

3. (2.14) формула бойынша қоспа құрамындағы әрбір жаңғыш компоненттің төменгі молярлық жану жылулығын есептейміз:

$$Q_{\text{H CO}} = |(-393,5) \cdot 1 - (-110,6)| = 283,18 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1},$$

$$Q_{\text{H H}_2} = |(-241,8) \cdot 1 - 0| = 241,84 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1},$$

$$Q_{\text{H CH}_4} = |(-393,5) \cdot 1 + (-241,8) \cdot 2 - (-74,8)| = 802,6 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1},$$

$$Q_{\text{H C}_2\text{H}_6} = |(-393,5) \cdot 2 + (-241,8) \cdot 3 - (-84,7)| = 1428,4 \text{ кДж}\cdot\text{моль}^{-1}.$$

4. (2.16) формула бойынша қоспаның әрбір жаңғыш компонентінің төменгі көлемдік жану жылулығын есептейміз, тұрақты жағдайда газдың молярлық көлемі $V_{\mu}=24,4 \text{ м}^3\cdot\text{кмоль}^{-1}$ құрайды:

$$Q''_{\text{HCO}} = \frac{283,18 \cdot 1000}{24,4} = 11799 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q''_{\text{H}_2} = \frac{241,84 \cdot 1000}{24,4} = 10077 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q''_{\text{HCH}_4} = \frac{802,61 \cdot 1000}{24,4} = 33442 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q''_{\text{HC}_2\text{H}_6} = \frac{1428,41 \cdot 1000}{24,4} = 59517 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

5. Құрамы берілген кокс газының төменгі көлемдік жану жылулығын анықтаймыз:

$$Q''_{\text{см}} = \frac{11799 \cdot 6,8 + 10077 \cdot 5,7 + 33442 \cdot 22,5 + 59517 \cdot 3,7}{100} =$$

$$= 16273 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

Жауабы: тұрақты жағдайда құрамы берілген кокс газының төменгі көлемдік жану жылулығы – 16273 кДж·м⁻³.

Қоспаның және күрделі заттардың жану

жылулығын анықтау әдістемесі

1. Егер жаңғыш заттың құрамындағы элементтердің пайыздық мөлшері белгісіз болса, оны (1.2) формула бойынша анықтау.

2. (2.18), (2.20) Менделеев формуласы бойынша жоғарғы және төменгі жану жылулығын есептеу.

Есеп шығару мысалы

Төменгі массалық жану жылулығын анықтап, қай заттың жануы кезінде энергияның көп мөлшері бөлінетініне түсініктеме беру: элементтік құрамы: С – 49 мас. %; Н – 6,5 мас. %; О – 39 мас. % ағаштың; элементтік құрамы: N – 0,5 мас. %; W – 5 мас. % ағаштың; немесе құрамы: С – 79,4 мас. %; Н – 5,3 мас. %; О – 10,3 мас. % тас көмірдің; құрамы: S – 2,8 мас. %; W – 1,2 мас. % тас көмірдің.

Шығару

Менделеев теңдеуі бойынша әрбір заттың төменгі массалық жану жылулығын анықтаймыз:

- ағаш үшін:

$$Q'_H = 339,4 \cdot 49 + 1256,8 \cdot 6,5 - 108,9(39 + 0,5) - 25,1(9 \cdot 6,5 + 5) = 18841,6 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1};$$

- көмір үшін:

$$Q'_H = 339,4 \cdot 79,4 + 1256,8 \cdot 5,3 - 108,9(10,3 - 2,8) - 25,1 \cdot (9 \cdot 5,3 + 1,2) = 31541,4 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}.$$

Қорытынды: ағаштың 1 кг жануымен салыстырғанда тас көмірдің 1 кг жану кезінде жылу көп бөлінеді.

§ 1.4. Өрт жүктемесін есептеу

Өрт жүктемесін $R_{\text{пож}}$ есептеу кезінде жану жылулық мәнін қолданады. Өрт жүктемесі – бұл өрттің құрылыс құрылғыларына жылулық әсерінің сандық сипаттамасы.

Салыстырмалы өрт жүктемесі – бұл бөлменің еден бетінің 1 м^2 аумағында заттар мен материалдардың жану кезінде бөлінетін жылу мөлшері.

Бөлменің өрт жүктемесін уақытша және тұрақты деп екіге бөледі және төмендегі формулаға сәйкес барлық жаңғыш заттардың массаларының олардың төменгі жану жылулығына көбейтіндісін еденнің аумақ бірлігіне қатынасы арқылы анықтайды:

$$R_{\text{пож}} = \frac{\sum_i m_i Q'_{\text{н}i}}{S_{\text{пол}}}, \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}, \quad (2.20)$$

мұнда m_i – i жаңғыш материалдың массасы, кг;

$Q'_{\text{н}i}$ – i жаңғыш материалдың төменгі массалық жану жылулығы, $\text{МДж} \cdot \text{кг}^{-1}$;

$S_{\text{пол}}$ – еден аумағы, м^2 .

Өрт жүктемесін есептеу әдістемесі

1. Бөлмеде орналасқан барлық жаңғыш заттардың түрін және массасын анықтау.

2. (2.15) немесе (2.19) формулалар бойынша немесе [15], [16], [20] анықтамалық құжаттар немесе қосымшаның 5 кестесі бойынша әрбір заттың төменгі массалық жану жылулығын анықтау.

3. Бөлменің еден аумағын есептеу.

4. (2.20) формула бойынша өрт жүктемесін есептеу.

Есеп шығару мысалы

Өлшемі 114x38 м² болатын бөлменің өрт жүктемесін есептеңіз, егер оның ағаш құрылыс құрылғыларының массасы 400 кг тең болса. Бөлмеде 400 т каучук, 30 т мазут және 10 т полиэтилен сақталады.

Шығару

1. [17] анықтама бойынша жаңғыш заттардың төменгі массалық жану жылулықтарын анықтаймыз:

ағаш	13800 кДж·кг ⁻¹ ,
каучук	40200 кДж·кг ⁻¹ ,
полиэтилен	47100 кДж·кг ⁻¹ ,
мазут	39800 кДж·кг ⁻¹ .

2. Бөлменің еден аумағын есептейміз:

$$S_{\text{пол}} = 114,36 = 4104 \text{ м}^2.$$

3. Бөлменің өрт жүктемесін есептейміз:

$$\begin{aligned} P_{\text{пож}} &= \frac{(13,8 \cdot 0,4 + 40,2 \cdot 400 + 39,8 \cdot 30 + 47,1 \cdot 10)10^3}{4104} = \\ &= 4320 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}. \end{aligned}$$

Қорытынды: аталған бөлменің өрт жүктемесі
4320 МДж м⁻².

§ 2. Заттардың жану температурасын есептеу

Жану аумағында бөлінетін энергия жаңғыш затты жану үрдісіне дайындауға, жану өнімдерін қыздыруға және жану аумағынан қоршаған ортаға шығарылатын жылулық сәулеленуге жұмсалады.

Жану температурасы – бұл реакцияның жылу шығару әсерінен жану өнімдердің қыздырылатын температурасы.

Кирхгоф заңы:

$$\Delta H_{T_2} = \Delta H_{T_1} + \int_{T_1}^{T_2} \Delta c_p dT, \quad (2.21)$$

химиялық жүйе энтальпиясының температураға тәуелділігін көрсетеді. Жану кезінде бөлінетін барлық жылу Q_n жану өнімдердің энтальпиясын жоғарлатуға жұмсалады (құрамында су молекулалары бу күйінде болатын жағдайда) деп қарастырсақ, онда жаңғыш заттың бір моль мөлшеріне:

$$Q_H = \Delta H_{T_2} - \Delta H_{T_1} = \int_{T_1}^{T_2} \Delta c_p dT. \quad (2.22)$$

Осыдан жеке заттың немесе қоспа компонентінің жану өнімдердің салыстырмалы көлемі:

$$Q_{p_{\text{пг}}} = \sum_i v_{\text{пг}i} c_p (T_{\text{гор}} - T_0), \quad (2.23)$$

мұнда $v_{\text{пг}i} - 1$ моль жаңғыш заттың жану кезінде түзілетін i жану өнімнің көлемі, м^3 ;

c_p – тұрақты қысым шартында жану өнімдердің орта көлемдік жылу сыйымдылығы, $\text{кДж} \cdot \text{м}^{-3} \cdot \text{К}^{-1}$;

T_0 – жүйенің бастапқы температурасы, К ;

$T_{\text{гор}}$ – жану температурасы, К .

(2.23) формуладан жану температурасын анықтаймыз:

$$T_{\text{гор}} = \frac{Q_{\text{пг}}}{\sum_i v_{\text{пг}i} c_{p_{\text{пг}i}}} + T_0, \quad (2.24)$$

немесе тұрақты жағдайларында шығындар болмағанда:

$$T_{\text{гор}} = \frac{Q_{\text{н}}}{\sum_i n_{\text{пг}i} c_{p_{\text{пг}i}}} + 298, \text{ К.} \quad (2.25)$$

Жанудың шарттарына байланысты калориметриялық, адиабатикалық және нақты жану температурасын ажыратады.

Калориметриялық жану температурасы – бұл жану өнімдері қыздырылатын температура, егер келесі шарттар орындалатын болса:

- 1) реакция кезінде бөлінген жылу жану өнімдерді қыздыруға жұмсалса ($Q_{\text{пг}} = Q_{\text{н}}$);
- 2) стехиометриялық құрамды жаңғыш қоспаның толық жануы жүрсе ($\alpha = 1$);
- 3) жану өнімдердің түзілу кезінде олардың термиялық диссоциациясы жүрмесе;
- 4) бастапқы жаңғыш қоспа тұрақты жағдайларда болса (бастапқы температура 298 К, қысым 101,3 кПа).

Егер жану температурасы жоғары болса, онда реакция кезінде түзілетін жану өнімдері олардың құрайтын элементтерге ыдырауы мүмкін. Жану өнімдердің ыдырауын температура 1700°C жоғары болғанда есепке алу керек.

Жанудың теориялық температурасы – бұл қоршаған ортаға жылу шығыны болмайтын және жану өнімдердің диссоциациясына шығындалатын жылу үлесін ескерсе, жану өнімдердің қызу дәрежесі.

Адиабатикалық жану температурасы – бұл жану үрдісі ауаның артық мөлшерінде жүретін жағдайда жану өнімдердің қызу температурасы. Қоршаған ортаға жылу шығындалмайды, сондықтан жану өнімдердің және артық ауаның қызуына жанудың барлық жылуы жұмсалады. Жаңғыш қоспаның бастапқы температурасы мен қысымы тұрақты деп есептеледі.

Нақты жану температурасы – бұл нақты жағдайларда жану өнімдердің қызу температурасы. Бұл жағдайда жану үрдісі ауаның артық немесе жетіспеу жағдайында, жаңғыш заттың толық емес жануы, қоршаған ортаға жылудың шығындарымен, жаңғыш заттың бастапқы шарттары тұрақты жағдайлардан айырылуы мүмкін.

Нақты жану температурасы адиабатикалық температурадан әрдайым төмен, бірақ ол калориметриялық жану температурасымен және жылу беру шарттарымен анықталады.

Тәжірибеде жану аумағында қыздырылған заттардың

түсінен жану температурасын анықтайды. Сәулелену спектрінің өзгеруі қыздырылған дененің температурасына байланысты. Дененің температурасы неғұрлым жоғары болса, сәулеленудің қарқындылығы мен жарықтығы жоғары болады. Осы ереженің негізінде жанудың жарықтық температурасын анықтауға болады. Қыздырылған денелердің түсі туралы мәліметтер 1.3 кестеде келтірілген.

Тәжірибелік түрде көптеген заттардың жану температурасын анықтау қиын. Ол үшін тәжірибені жоғары температурада жүргізу қажет, сонымен қатар химиялық айналым күйінде болатын газдың температурасын өлшеу керек. Бірақ энергия сақталу және заттың химиялық құрамы заңдарын ескеріп, нақты адиабатикалық жану температурасын нақты есептеуге болады. Адиабатикалық жану температурасын есептеудің екі әдісі бар: 1) жану өнімдердің энтальпиясы бойынша; 2) жану өнімдердің жылу сыйымдылығы мен олардың температуралары арасындағы байланысты қолдану арқылы.

Жану температурасын анықтаудың

тәжірибелік маңызы

4. Газдардың жылулық кеңеюіне байланысты берілген атмосфералық қысымда жану реакция кезіндегі жану өнімдердің көлемі жану температурасымен анықталады.

5. Жану температурасы жарылыстың максималды қысымын және бөлмедегі өрттің даму параметрлерін (өрт температурасын және бейтарапты аумақ биіктігін) анықтайды.

6. Заттар мен материалдардың жану температурасына байланысты берілген жағдайларда қолдануға мүмкіндігі бар өрт сөндіру заттарын таңдайды және бөлмедегі өртті көлемдік сөндіру кезінде жанбайтын газдың шығынын есептейді.

§ 2.1. Жану өнімдердің энтальпиясын қолданып, адиабатикалық жану температурасын есептеу

Жеке заттардың адиабатикалық жану температурасын есептеу әдістемесі

1. Жану реакцияның теңдеуін құрастыру, стехиометриялық коэффициент β анықтау.

2. (1.12) формула бойынша жануға қажетті ауаның салыстырмалы теориялық моль санын $n^0_{\text{в}}$ есептеу.

3. (1.15) формула бойынша артық ауа мөлшерін есепке алып, жану өнімдердің салыстырмалы нақты моль санын $n_{\text{пг}}$ есептеу.

4. Анықтама мәліметтері арқылы заттың төменгі жану жылулығын анықтау $Q_{\text{н}}$ немесе (2.14) формула бойынша есептеу.

5. Жану өнімдердің орташа жылулығын есептеу $Q_{\text{р,ср}}$:

$$Q_{\text{р,ср}} = \frac{Q_{\text{н}}}{n_{\text{пг}}}, \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}. \quad (2.26)$$

6. Жану өнімдердің орташа жылулығын $Q_{\text{р,ср}}$ азоттың молярлық энтальпия мәнімен салыстыру арқылы бірінші жақындатудағы T_1 жану температурасын анықтау (қосымшаның 1 кестесі).

7. қосымшаның 1 кестесінде келтірілген жану өнімдердің энтальпия мәндерін қолданып, T_1 жану температурасында жану өнімдердің жылулығын формула бойынша есептеу:

$$Q_{p_{\text{пр}}}^{T_1} = \sum_i \left(\Delta H_{\text{пр}i}^{T_1} \cdot n_{\text{пр}i} \right), \text{кДж} \cdot \text{моль}^{-1} \quad (2.27)$$

8. Екінші жақындатудағы T_2 жану температурасын анықтау: $T_2 > T_1$, егер $Q_{p_{\text{пр}}}^{T_1} < Q_{\text{н}}$, немесе $T_2 < T_1$, егер $Q_{p_{\text{пр}}}^{T_1} > Q_{\text{н}}$.

9. Формула бойынша T_2 температурада жану өнімдердің жылулығын есептеу:

$$Q_{p_{\text{пр}}}^{T_2} = \sum_i \left(\Delta H_{\text{пр}i}^{T_2} \cdot n_{\text{пр}i} \right), \text{кДж} \cdot \text{моль}^{-1}. \quad (2.28)$$

10. Формула бойынша сызба интерполяциялау әдісімен жану температурасын есептеу:


$$T_{\text{ад}} = T_1 + \frac{(T_2 - T_1) \cdot (Q_{\text{н}} - Q_{p_{\text{пр}}}^{T_1})}{(Q_{p_{\text{пр}}}^{T_2} - Q_{p_{\text{пр}}}^{T_1})}, \text{К}. \quad (2.29)$$

Есеп шығару мысалы

Этиленгликольдің $C_2H_6O_2$ адиабатикалық жану температурасын анықтаңыз, егер оның түзілу жылулығы $\Delta H_f^0 = -453,8$ кДж·моль⁻¹, ал жану ауаның ратық коэффициенті $\alpha = 1,8$ болған жағдайда жүрсе.

Шығару

1. Жану реакцияның теңдеуін құрастырамыз:



2. Ауаның салыстырмалы теориялық моль санын есептейміз:

$$n_B^0 = 4,76 \cdot 2,5 = 11,9 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

3. Жану өнімдердің салыстырмалы нақты моль санын есептейміз:

$$n_{III} = 2 + 3 + 2,5 \cdot 3,76 + (1,8 - 1) \cdot 11,9 = 23,9 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}$$

4. Гесс заңы бойынша заттың төменгі молярлық жану жылулығын есептейміз:

$$Q_H = |(-393,8) \cdot 2 + (-241,8) \cdot 3 - (-453,8)| = 1059,3 \text{ Дж} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

5. (2.26) формула бойынша жану өнімдердің орташа жылулығын есептейміз:

$$Q_{P_{\text{ср}}} = \frac{1059,3}{23,9} = 44,3 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

6. Азоттың молярлық энтальпиясын негізге алып, қосымшаның 1 кестесі бойынша бірінші жақындатуда $T_1 = 1400 \text{ К}$ жану температурасын анықтаймыз.

7. 1400 К температурада әрбір жану өнімнің энтальпиясын анықтаймыз және (2.27) формула бойынша жану өнімдердің жылулығын есептейміз:

$$\Delta H_{\text{CO}_2}^{T_1} = 65,2 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}; \quad \Delta H_{\text{H}_2\text{O}}^{T_1} = 53,5 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$\Delta H_{\text{N}_2}^{T_1} = 43,6 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}; \quad \Delta H_{\text{B}}^{T_1} = 44 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$\begin{aligned} Q_{P_{\text{шт}}}^{T_1} &= 2 \cdot 65,2 + 3 \cdot 53,5 + 2,5 \cdot 3,76 \cdot 43,6 + (1,8 - 1)11,9 \cdot 44 = \\ &= 1119,6 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}. \end{aligned}$$

8. Екінші жақындатудағы жану температурасын анықтау. $T_1 = 1400$ К температурадағы жану өнімдердің жылулығы $T_2 = 1200$ К температурадағы төменгі жану жылулығы мәнінен жоғары болғандықтан кейін, оны қабылдаймыз.

9. 1200 К температурада жану өнімдердің энтальпиясын анықтаймыз және (2.28) формула бойынша жану өнімдердің жылулығын есептейміз:

$$\Delta H_{\text{CO}_2}^{T_2} = 53,8 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}; \quad \Delta H_{\text{H}_2\text{O}}^{T_2} = 44,5 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$\Delta H_{\text{N}_2}^{T_2} = 36,8 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}; \quad \Delta H_{\text{B}}^{T_2} = 37,1 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$\begin{aligned} Q_{\text{рпг}}^{T_2} &= 2 \cdot 53,8 + 3 \cdot 44,5 + 2,5 \cdot 3,76 \cdot 36,8 + (1,8 - 1)11,9 \cdot 37,1 = \\ &= 940,2 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}. \end{aligned}$$

10. Сызба интерполяциялау әдісімен жану температурасын есептейміз:

$$T_{\text{ад}} = 1400 + \frac{(1200 - 1400)(1059,3 - 1119,6)}{940,2 - 1119,6} = 1333 \text{ К.}$$

Қорытынды: берілген жағдайда этиленгликольдің адиабатикалық жану температурасы 1333 К.

Күрделі заттардың адиабатикалық жану температурасын есептеу әдістемесі

1. Артық ауа мөлшерін есепке алып, күрделі заттың жану өнімдердің салыстырмалы көлемін анықтау.

1.1. (1.22) немесе (1.28) формулалар бойынша сәйкес 1 м^3 газ қоспаның немесе 1 кг жаңғыш заттың жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін есептеу.

1.2. Жаңғыш заттың агрегаттық күйіне байланысты 1.5 немесе 1.6 кестелерін қолданып, (1.36) формула бойынша жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемін $v_{\text{пт}}^{\circ}$ есептеу.

1.3. (1.25) формула бойынша артық ауа мөлшерін есепке алып, жану өнімдердің салыстырмалы нақты көлемін есептеу.

2. Заттың төменгі жану жылулығын анықтамадан алу немесе (2.19) Менделеев теңдеуі бойынша есептеу немесе (2.17) формула бойынша газ қоспаның көлемдік жану жылулығын есептеу.

3. (2.26) формулаға сәйкес төменгі массалық жылулықтың жану өнімдердің салыстырмалы нақты көлеміне қатынасы ретінде жану өнімдерінің орташа жылулығын $Q_{p_{cp}}$ есептеу.

4. Жану өнімдерінің орташа жылулығын $Q_{p_{cp}}$ азоттың көлемдік салыстырмалы энтальпиясымен (қосымшаның 2 кестесі) салыстыру арқылы бірінші жақындатудағы T_1 температурада жану температурасын анықтау.

5. T_1 температурада жану өнімдердің осы температураға сәйкес салыстырмалы көлемдік энтальпия мәндерін қолданып, келесі формула бойынша жану өнімдердің жылулығын есептеу:

$$Q_{p_{пг}}^{T_1} = \sum_i \left(\Delta H_{пг_i}^{T_1} v_{пг_i} \right) \quad (2.30)$$

6. Екінші жақындатудағы T_2 жану температурасын анықтау: $T_2 > T_1$, егер $Q_{p_{пг}}^{T_1} < Q'_H (Q''_H)$, немесе $T_2 < T_1$, егер $Q_{p_{пг}}^{T_1} > Q'_H (Q''_H)$.

7. Келесі формула бойынша T_2 температурада жану өнімдердің жылулығын есептеу:

$$Q_{p_{\text{пг}}}^{T_2} = \sum_i \left(\Delta H_{\text{пг}_i}^{T_2} v_{\text{пг}_i} \right) \quad (2.31)$$

8. (2.29) формула бойынша сызба интерполяциялау әдісімен жану температурасын есептеу.

Есеп шығару мысалы

Құрамы: С – 46 %, Н – 5,5 %, О – 39,2 %, N – 0,9 %, ылғал W – 7 %, күл А – 1,4 % болатын ағаштың жану температурасын есептеу. Жану үрдісі артық ауа коэффициенті $\alpha = 1,5$ және тұрақты жағдайда жүрді.

Шығару

1. Ауаның артық мөлшерін есепке алып, құрамы берілген ағаштың жану өнімдерінің салыстырмалы нақты көлемін анықтаймыз.

1.1. (1.35) формула бойынша ағаштың жануына қажетті ауаның салыстырмалы теориялық көлемін есептейміз:

$$v_{\text{B}}^0 = 0,29 \left(\frac{46}{3} + 5,5 - \frac{39,2}{8} \right) = 4,6 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

1.2. 1.6 кестенің мәліметтерін қолданып, тұрақты жағдайларында әрбір жану өнімнің салыстырмалы көлемін анықтаймыз және құрамы берілген ағаштың жану өнімдерінің салыстырмалы теориялық көлемін есептеу. Біңғайлық үшін кесте құрастырамыз.

Элемент	Элементтің массалық үлесі, g	Жану өнімдердің көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}$		
		CO_2	H_2O	N_2
C	0,46	$0,46 \cdot 2,03$		$0,46 \cdot 7,65$
H	0,055		$0,055 \cdot 12,2$	$0,055 \cdot 22,9$
N	0,009			$0,009 \cdot 0,87$
O	0,392			$0,392 \cdot (-2,87)$
W	0,07		$0,07 \cdot 1,36$	
Барлығы	0,986	0,93	0,77	3,66

$$v_{\text{шт}}^0 = 0,93 + 0,77 + 3,66 = 5,36 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

1.3. Артық ауа мөлшерін есепке алып, жану өнімдердің салыстырмалы нақты көлемін есептейміз:

$$v_{\text{шт}} = 5,36 + (1,5 - 1) \cdot 4,6 = 7,7 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

2. Менделеев формуласынан ағаштың төменгі массалық жылулығын есептеу:

$$Q'_H = 339,4 \cdot 46 + 1256,8 \cdot 5,5 - 108,9(39,2 + 0,9) - 25,1 \cdot (9 \cdot 5,5 + 7) = 16739,8 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}.$$

3. Жану өнімдердің орташа жылулығын есептейміз:

$$Q_{p,cp} = \frac{16739,8}{7,7} = 2185 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

4. Азоттың салыстырмалы көлемдік энтальпиясына қарап, бірінші жақындатудағы $T_1 = 1600 \text{ К}$ жану температурасын анықтаймыз.

5. 1600 К температурада жану өнімдердің көлемдік энтальпиясын 2 кестеден анықтаймыз және (2.30) формула бойынша жану өнімдердің жылулығын есептейміз:

$$\Delta H_{\text{CO}_2}^{T_1} = 3430,2 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{H}_2\text{O}}^{T_1} = 2809,9 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$\Delta H_{\text{N}_2}^{T_1} = 2257,0 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{B}}^{T_1} = 2278,0 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q_{\text{рпг}}^{T_1} = 0,93 \cdot 3430,2 + 0,77 \cdot 2809,9 + 3,66 \cdot 2257,0 + \\ + (1,5 - 1)4,6 \cdot 2278,0 = 18853,5 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}.$$

6. Екінші жақындатуда жану температурасын анықтаймыз. 1600 К температурада жану өнімдердің жылулығы: $18853,5 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}$; бұл заттың жану жылулығынан $16739,8 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}$ көп, сондықтан екінші жақындатудағы температура мәндерін $T_1: T_2 = 1400 \text{ К}$ төмен етіп аламыз.

7. 1400 К температурада жану өнімдердің көлемдік энтальпиясын анықтаймыз және (2.31) формула бойынша жану өнімдердің жылулығын есептейміз:

$$\Delta H_{\text{CO}_2}^{T_2} = 2909,0 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{H}_2\text{O}}^{T_2} = 2387,8 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$\Delta H_{\text{N}_2}^{T_2} = 1946,0 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{B}}^{T_2} = 1963,4 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q_{\text{рпг}}^{T_2} = 0,93 \cdot 2909,0 + 0,77 \cdot 2387,8 + \\ + 3,66 \cdot 1946,0 + (1,5 - 1)4,6 \cdot 1963,4 = 16200,8 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}.$$

8. Сызба интерполяциялау әдісімен жану температурасын анықтау:

$$T_{\text{гор}} = 1600 + \frac{(1400 - 1600)(16739,8 - 18853,5)}{(16200,8 - 18853,5)} = 1440 \text{ К.}$$

Қорытынды: тұрақты жағдайда құрамы берілген ағаштың адиабатикалық жану температурасы 1440 К.


Есеп шығару мысалы

Құрамы: $\text{CH}_4 - 50\%$; $\text{C}_2\text{H}_6 - 30\%$; $\text{N}_2 - 17\%$; $\text{CO}_2 - 3\%$ болатын және жылу шығынысыз жанатын газ қоспаның жану температурасын анықтау, егер қалыпты жағдайда артық ауа коэффициенті $\alpha = 1,8$.


Шығару

1. Артық ауа мөлшерін есепке алып, жану өнімдердің салыстырмалы көлемін анықтаймыз.

1.1. (1.32) формула бойынша 1 м^3 газ қоспаның жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін v_{B}^0 есептейміз. Алдымен қоспа құрамындағы жаңғыш компоненттерінің жану реакция теңдеуін құрастырамыз:



$$\beta = 2;$$



$$\beta = 3,5;$$

$$v_{\text{всм}}^0 = \frac{2 \cdot 50 + 3,5 \cdot 30}{21} = 9,76 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

1.2. Газ қоспаның құрамын және 1.5 кестеде келтірілген коэффициенттерді есепке алып, (1.33) формула бойынша жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемін $v_{\text{пт}}^0$ есептейміз. Ыңғайлық үшін кесте құрастырамыз:

Қоспа компоненті	Көлемдік үлесі	Жану өнімнің көлемі, $\text{м}^3 \cdot \text{м}^{-3}$		
		CO ₂	H ₂ O	N ₂
CH ₄	0,5	1·0,5	2·0,5	7,52·0,5
C ₂ H ₆	0,3	2·0,3	3·0,3	13,16·0,3
N ₂	0,17	–	–	0,17
CO ₂	0,03	0,03	–	–
барлығы	1,0	1,13	1,9	7,88

$$v_{\text{птсм}}^0 = 1,13 + 1,9 + 7,88 = 10,9 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

1.3. (1.25) формула бойынша артық ауа мөлшерін есепке алып, жану өнімдердің салыстырмалы нақты көлемін есептейміз:

$$v_{\text{штсм}} = 10,9 + (1,8 - 1) \cdot 9,76 = 18,7 \text{ м}^3 \cdot \text{м}^{-3}.$$

2. (2.17) формула бойынша газ қоспаның төменгі көлемдік жану жылулығын есептейміз. 2.2 кестесінен қоспа компоненттерінің төменгі көлемдік жану жылулықтарын анықтаймыз:

$$Q''_{\text{нCH}_4} = 35880 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad Q''_{\text{нC}_2\text{H}_6} = 64360 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q''_{\text{нсм}} = 35880 \cdot 0,5 + 64360 \cdot 0,3 = 37248 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

3. Жану өнімдердің орташа жылулығын есептейміз $Q_{\text{ср}}$:

$$Q_{\text{ср}} = \frac{37248}{18,7} = 1992 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

4. Азоттың салыстырмалы көлемдік энтальпиясына (қосымшаның 2 кестесі) қарап, бірінші жақындатудағы $T_1 = 1400 \text{ К}$ жану температурасын анықтаймыз.

5. Қосымшаның 2 кестесінен 1400 К температурада жану өнімдердің көлемдік энтальпиясын анықтаймыз және (2.30) формула бойынша осы температурада жану өнімдердің жылулығын есептейміз.

$$\Delta H_{\text{CO}_2}^{T_1} = 2909,0 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{H}_2\text{O}}^{T_1} = 2387,8 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$\Delta H_{\text{N}_2}^{T_1} = 1946,0 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{B}}^{T_1} = 1963,4 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q_{\text{ршт}}^{T_1} = 1,13 \cdot 2909,0 + 1,9 \cdot 2387,8 + 7,88 \cdot 1946,0 + (1,8 - 1)9,76 \cdot 1963,4 = 38488,7 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

6. Екінші жақындатуда жану температурасын анықтаймыз. 1400 К температурада жану өнімдердің жылулығы 38488,7 кДж·м⁻³; бұл газ қоспасының төменгі жану жылулығынан 37248 кДж·м⁻³ көп, сондықтан екінші жақындатудағы температураның мәнін T₂ = 1200 К төмен етіп аламыз.

7. 1200 К температурада жану өнімдердің көлемдік энтальпиясын анықтаймыз және жану өнімдердің жылулығын есептейміз:

$$\Delta H_{\text{CO}_2}^{\text{T}_2} = 2399,4 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{H}_2\text{O}}^{\text{T}_2} = 1984,8 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$\Delta H_{\text{N}_2}^{\text{T}_2} = 1641,2 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}; \quad \Delta H_{\text{B}}^{\text{T}_2} = 1655,1 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3};$$

$$Q_{\text{ршт}}^{\text{T}_2} = 1,13 \cdot 2399,4 + 1,9 \cdot 1984,8 + 7,88 \cdot 1641,2 + (1,8 - 1)9,76 \cdot 1655,1 = 32338,1 \text{ кДж} \cdot \text{м}^{-3}.$$

8. Сызба интерполяциялау әдісін қолданып, жану температурасын есептейміз:

$$T_{\text{ад}} = 1400 + \frac{(1200 - 1400) \cdot (37248 - 38489)}{(32338 - 38489)} = 1360 \text{ К}.$$

Қорытынды: берілген жағдайларда және берілген құрамы бойынша газ қоспаның жану температурасы 1360 К.

**§ 2.2. Жану өнімдердің жылу сыйымдылығын ескеріп,
жану температурасын анықтау**

(2.25) формула бойынша жану өнімдердің жылу сыйымдылығы мен олардың температурасы арасындағы байланысты қолданып, жеке заттар мен құрамы күрделі заттардың жану температурасын есептеуге болады.

Жану өнімдер қоспасының орташа жылу сыйымдылық пен олардың температурасынан байланысын келесі теңдеумен көрсетеді:

$$c_p = a_{cm} + b_{cm}t, \quad (2.32)$$

мұнда a_{cm} , b_{cm} – жану өнімдердің құрамына байланысты анықталатын тұрақты мәндер;

t – жану өнімдердің температурасы, °C.

(2.32) теңдеудің тұрақты a_{cm} , b_{cm} мәндерін жану өнімдердің i компонентінің моль сандарын сәйкес келетін a_i және b_i константаларына көбейтіндісінің қосындысы ретінде есептейді (қосымшаның 4 кестесінен алады):

$$a_{cm} = \sum_i \left(a_i + \frac{b_i T_{CT}}{2} \right) n_{пгi}; \quad (2.33)$$

$$b_{cm} = \sum_i \frac{b_i}{2} n_{пгi}. \quad (2.34)$$

Формула бойынша жану температурасын есептейді:

$$t_{\text{гор}} = \frac{-a_{\text{см}} + \sqrt{a_{\text{см}}^2 + 4b_{\text{см}}Q_{\text{н}}}}{2b_{\text{см}}}, \text{ } ^\circ\text{C}, \quad (2.35)$$

мұнда $Q_{\text{н}}$ – заттың төменгі салыстырмалы жану жылулығы (жану өнімдердің мөлшеріне байланысты молярлық, массалық немесе көлемдік).

Жеке заттардың жану өнімдерінің жылу сыйымдылығын ескеріп, жану температурасын есептеу әдістемесі

1. Артық ауа мөлшерін ескеріп, жану өнімдердің құрамын және салыстырмалы моль санын анықтау.
2. Заттың төменгі тұрақты жану жылулығын анықтау.
3. (2.36) теңдеудің a_i және b_i константаларын әрбір жану өнімі үшін қосымшаның 4 кестесінен анықтайды.
4. (2.33), (2.34) формулалар бойынша жану өнімдер қоспасы үшін $a_{\text{см}}$ және $b_{\text{см}}$ константаларын есептеу.


5. (2.35) формула бойынша жану температурасын есептеу.

Есеп шығару мысалы

Метанол буларының адиабатикалық жану температурасын есептеңіз, егер жану артық ауа коэффициенті $\alpha = 1,7$ жүрсе..

Шығару

1. Жану өнімдердің салыстырмалы моль санын және артық ауа коэффициентін ескеріп, олардың құрамын анықтаймыз:



$$\beta = 1,5;$$

$$n_{\text{CO}_2} = 1 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}; \quad n_{\text{H}_2\text{O}} = 2 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$n_{\text{N}_2} = 1,5 \cdot 3,76 = 5,64 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1};$$

$$\Delta n_{\text{в}} = (1,7 - 1)1,5 \cdot 4,76 = 5,0 \text{ моль} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

2. Түзілу жылулығы минус $239,0 \text{ кДж} \cdot \text{моль}^{-1}$ болатын ескеріп, метанолдың тұрақты төменгі жану жылулығын есептейміз:

2 тарау. Жану үрдісінің энергетикалық теңгерімі

$$Q_H = |1 \cdot (-393,5) + 2 \cdot (-241,8) - (-239,0)| = 638,5$$

$$\text{кДж} \cdot \text{моль}^{-1}.$$

3. Қосымшаның 4 кестесінен әрбір жану өнімі үшін (2.37) теңдеудегі a_i және b_i константаларын анықтаймыз (заттардың молярлық жылу сыйымдылығын қолданамыз)

және $a' = a + \frac{bT_{CT}}{2}$, $b' = \frac{b}{2}$ мәндерін есептейміз:

Зат	a_i	a'_i	b_i	b'_i
ауа	28,62	29,23	$4,08 \cdot 10^{-3}$	$2,04 \cdot 10^{-3}$
N ₂	27,87	28,54	$4,27 \cdot 10^{-3}$	$2,135 \cdot 10^{-3}$
CO ₂	44,14	45,49	$9,04 \cdot 10^{-3}$	$4,52 \cdot 10^{-3}$
H ₂ O (газ)	30,00	31,59	$10,71 \cdot 10^{-3}$	$5,355 \cdot 10^{-3}$

4. a_{CM} және b_{CM} константаларын есептейміз:

Зат	$a'_i n_{ПГ_i}$	$b'_i n_{ПГ_i}$
ауа	$29,23 \cdot 5,0$	$2,030 \cdot 10^{-3} \cdot 5,0$
N ₂	$28,54 \cdot 5,64$	$2,135 \cdot 10^{-3} \cdot 5,64$
CO ₂	$45,49 \cdot 1$	$4,520 \cdot 10^{-3} \cdot 1$
H ₂ O (г)	$31,59 \cdot 2$	$5,355 \cdot 10^{-3} \cdot 2$
жану өнімдердің қоспасы	$a_{CM} = 415,8$	$b_{CM} = 37,5 \cdot 10^{-3}$

5. Жану температурасын есептеу:

$$t_{\text{гор}} = \frac{-415,8 + \sqrt{415,8^2 + 4 \cdot 37,5 \cdot 10^{-3} \cdot 638,5 \cdot 10^3}}{2 \cdot 37,5 \cdot 10^{-3}} = 1367^\circ\text{C}.$$

Қорытынды: берілген шартында метанол буларының адиабатикалық жану температурасы 1367°C .

Күрделі заттар үшін жану өнімдердің молярлық жылу сыйымдылығын қолданып, жану температурасын есептеу әдістемесі

1. 1 м^3 газ қоспаның немесе 1 кг жаңғыш материалдың жануына қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін $v_{\text{В}}^\circ$, есептеу, сәйкес (1.32) немесе (1.34) формулалар бойынша.

2. Жаңғыш заттың агрегаттық күйіне байланысты 1.5 немесе 1.6 кестелерді қолданып, жану өнімдердің салыстырмалы теориялық көлемдерін анықтау.

3. Артық ауа коэффициентін ескеріп, әрбір жану өнімнің салыстырмалы нақты көлемін анықтау.

4. Анықтама мәліметтері бойынша немесе (2.19) теңдеу бойынша заттың төменгі массалық жану жылулығын анықтау немесе (2.17) формула бойынша газ қоспаның көлемдік жану жылулығын есептеу.

5. Қосымшаның 4 кестесі бойынша әрбір жану өнімі үшін (газдардың көлемдік жылу сыйымдылығын қолдану).

6. (2.33), (2.34) формулалар бойынша жану өнімдер қоспасы үшін a_{cm} және b_{cm} константаларын есептеу.

7. (2.35) формула бойынша жану температурасын есептеу.

Есеп шығару мысалы

Құрамы: С – 83 %, Н – 15 %, S – 1 %, N – 1 % дизель жанармайының жану температурасын есептеу. Жану қалыпты жағдайда артық ауа коэффициенті $\alpha = 1,4$. Жану кезінде жану жылулығының 25 % қоршаған ортаға шығындалды және толық жану өнімдері пайда болды.

Шығару

1. (1.34) формула бойынша 1кг дизель жанармайдың жану үшін қажетті салыстырмалы теориялық ауа көлемін есептейміз:

$$v_B^o = \frac{4,76 \cdot 22,4}{4 \cdot 100} \left(\frac{83}{3} + 15 - \frac{0-1}{8} \right) = 11,4 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

2. 1.6 кестеде келтірілген коэффициенттер мен зат құрамын есепке алып, жану өнімдердің салыстырмалы көлемдерін анықтаймыз. Ол үшін кесте құрастырамыз:

Элемент	Массалық үлесі	Жану өнімдердің көлемі, м ³ ·кг ⁻¹			
		CO ₂	H ₂ O	SO ₂	N ₂
C	0,83	0,83·1,87			0,83·7,0
H	0,15		0,15·11,2		0,15·21,1
S	0,01			0,01·0,7	0,01·2,63
N	0,01				0,01·0,8
Барлығы	1,00	1,55	1,68	0,007	9,0

3. Артық ауа мөлшерін есепке алып, әрбір жану өнімдердің салыстырмалы көлемін есептейміз:

$$v_{\text{CO}_2} = 1,55 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1};$$

$$v_{\text{N}_2} = 9,0 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1};$$

$$v_{\text{H}_2\text{O}} = 1,68 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1};$$

$$v_{\text{SO}_2} = 0,007 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1};$$

$$\Delta v_{\text{в}} = (1,4 - 1) \cdot 11,4 = 4,56 \text{ м}^3 \cdot \text{кг}^{-1}.$$

4. Құрамы берілген дизель жанармайының төменгі массалық жану жылулығын есептейміз:

$$Q'_{\text{н}} = 339,4 \cdot 83 + 1256,8 \cdot 15 - 108,9(1 - 1) - 25,1 \cdot 9 \cdot 15 = 43633,7 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}.$$

Жану өнімдерін қыздыру үшін төменгі массалық жану жылулықтың 75 % жұмсалды:

$$Q'_{\text{пт}} = 0,75 \cdot 43633,7 = 32725,3 \text{ кДж} \cdot \text{кг}^{-1}.$$

5. Қосымшаның 4 кестесінен әрбір жану өнімі үшін (2.38) теңдеудегі a_i және b_i константаларын анықтаймыз (газдардың көлемдік жылу сыйымдылығын қолданамыз)

және $a' = a + \frac{b\Gamma_{CT}}{2}$, $b' = \frac{b}{2}$ мәндерін есептейміз:

Зат	a_i	a'_i	b_i	b'_i
ауа	1172,95	1197,86	$167,21 \cdot 10^{-3}$	$83,6 \cdot 10^{-3}$
N_2	1142,21	1168,28	$175,00 \cdot 10^{-3}$	$87,5 \cdot 10^{-3}$
CO_2	1809,02	1864,22	$370,49 \cdot 10^{-3}$	$185,25 \cdot 10^{-3}$
H_2O (газ)	1229,51	1294,91	$438,93 \cdot 10^{-3}$	$219,47 \cdot 10^{-3}$
SO_2	1743,85	1820,49	$514,34 \cdot 10^{-3}$	$257,17 \cdot 10^{-3}$

6. $a_{сум}$ және $b_{сум}$ константаларын есептейміз.

Зат	$a_i \cdot v_{пр_i}$	$b_i \cdot v_{пр_i}$
ауа	$1197,86 \cdot 4,56$	$83,6 \cdot 10^{-3} \cdot 4,56$
N_2	$1168,28 \cdot 9,0$	$87,5 \cdot 10^{-3} \cdot 9,0$
CO_2	$1864,22 \cdot 1,55$	$185,25 \cdot 10^{-3} \cdot 1,55$
H_2O (г)	$1294,91 \cdot 1,68$	$219,47 \cdot 10^{-3} \cdot 1,68$
SO_2	$1820,49 \cdot 0,007$	$257,17 \cdot 10^{-3} \cdot 0,007$
жану өнімдердің қоспасы	$a_{сум} = 21054,5$	$b_{сум} = 1826,4 \cdot 10^{-3}$

7. (2.35) формула бойынша жану температурасын есептейміз:

$$t_{\text{гор}} = \frac{-210545 + \sqrt{210545^2 + 4 \cdot 18264 \cdot 327253 \cdot 10^3}}{2 \cdot 18264 \cdot 10^{-3}} = 1388 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

Қорытынды: берілген жағдайларда дизель жанармайдың жану температурасы 1388 °С.

§ 2.3. Шектелген кеңістікте диффузионды жану температурасын есептеу

Заттар мен материалдардың шектеулі кеңістікте диффузионды жануы ауаның жану өнімдерімен араласу арқылы жүреді. Газ-ауа қоспада (ауа мен жану өнімдердің қоспасы) оттегінің концентрациясының 14 - 16 % дейін төмендеу шартында жалынды диффузионды жану тоқтайтыны белгілі.

Шектеулі кеңістікте диффузионды жану кезінде артық ауа коэффициентін келесі формула бойынша есептейді:

$$\alpha = \frac{21}{21 - \varphi_{\text{O}_2}}, \quad (2.39)$$

мұнда φ_{O_2} – бөлмедегі газ-ауа қоспаның

құрамындағы оттегінің көлемдік концентрациясы, %.

Шектеулі кеңістікте диффузионды жану кезінде артық ауаның болуы жаңғыш заттың толық жану өніміне дейін жануын және олардың қызу дәрежесін анықтайды. Кеңістікте диффузионды жану температурасын түтін газдарының жылу сыйымдылықтарының температурадан тәуелділігін қолданып, немесе жану өнімдердің энтальпиясын қолданып, сызба интерполяциялау әдісімен есептейді. Ол үшін алдымен (2.39) формула бойынша жану өнімдер құрамында оттегінің мөлшері бойынша артық ауаның нақты коэффициентін анықтау керек, кейін алдында келтірілген әдістер бойынша есептеуді қайталау керек.

Есеп шығару мысалы

